

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ
БЮЛЛЕТЕНІ

БЮЛЛЕТЕНЬ
ВЕРХОВНОГО СУДА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



5
2014



НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы

«Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №2 нормативтік қаулысына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі №1 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».....8

НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан

«О внесении изменений и дополнений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан «О некоторых вопросах квалификации преступлений в сфере экономической деятельности» №2 от 18 июня 2004 года (с изменениями и дополнениями, внесенными нормативным постановлением Верховного Суда Республики Казахстан №1 от 21 апреля 2011 года).....9

ҮЗІНДІЛЕР

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасының қаулылары

Сот азаматтық істі қару кезінде материалдық заңды дұрыс қолданбаған.....10

Іс бойынша тараптар ұсынған дәлелдемелердің құқықтық бағалауына негізделген арызданушының өтініші сот актілерін қайта қарауға негіз бола алмайды.....13

Өтініште қандай соттың актілері қайта қаралуға жататындығы және материалдық не іс жүргізу құқығы нормаларының талаптары бұзылғандығы көрсетілмеген, сондықтан қадағалау тәртібімен келтірілген өтініш қараусыз қайтарылуға жатады.....15

Әкімшілік жауапкершілік туралы заңды дұрыс қолданбау әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны бұзуға немесе өзгертуге негіз болып табылады.....16



Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша заңдарды дұрыс қолданбау сот актісін өзгертуге себеп болды.....18

ИЗВЛЕЧЕНИЯ

Постановления надзорной судебной коллегии по гражданским и административным делам Верховного Суда Республики Казахстан

Нормы материального права судами применены правильно, ввиду чего у кассационной инстанции не было оснований для отмены вынесенных по делу судебных актов.....21

Суд утвердил мировое соглашение.....24

При ликвидации юридического лица вследствие банкротства государство не является его правопреемником.....26

Собственники квартиры совершили действия, свидетельствующие об устранении от владения, пользования и распоряжения ею, не предпринимали мер по сохранности жилья, что является их отказом от права собственности на нее.....29

В областных и приравненных к ним судах

Согласно Закону «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество» лицо обязано обратиться с заявлением о государственной регистрации не позднее шести месяцев с момента наступления юридического факта, являющегося основанием для возникновения права (обременения права).....34

ҮЗІНДІЛЕР

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасының қаулылары (үзінділер)

Қылмыстық заңға енгізілген өзгерістердің негізінде сот актілері қайта қаралып, сотталғанға тағайындалған жазаның мерзімі төмендетілген37

Қылмыстық істегі эпизод бойынша заң талаптарына сәйкес алынбаған дәлелдемелер алқабилердің қарауына заңсыз ұсынылған.....38



ИЗВЛЕЧЕНИЯ

Постановления надзорной судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан

Стоимость похищенного имущества не превышала 10-кратного размера МРП, что позволило признать отсутствие в действиях осужденных состава преступления и наличие состава административного правонарушения.....41

Суд, установив отсутствие в действиях подсудимого квалифицирующего признака – нанесение вреда, необоснованно признал его виновным по норме закона, где квалифицирующим признаком также признается нанесение вреда.....43

Суд с учетом позиции потерпевшего, возмещения ему ущерба, признания осужденным своей вины и раскаяния в содеянном посчитал возможным применения к нему статьи 63 УК.....47

ҮЗІНДІЛЕР

Облыстық және оған теңестірілген соттарда

Лауазымды қызметіне адал қарамай, ұқыпсыз қарауының салдарынан өз міндеттерін орындамаған, яғни салақтық танытып, орын алған қылмыспен себепті байланыс анықталмағандықтан, қылмыстық іс қысқартылған.....49

Апелляциялық сот алқасы куәлардың жауаптарына жан-жақты толық және объективті түрде баға бермей, істі тек қорғану тарабы келтірген дәйектерге ғана негіздеп, біржақты тұжырым жасаған.....51

Абайсызда кісі өліміне әкеп соққан қылмыстық оқиғаны төменгі сатыдағы соттар абайсызда кісі өліміне әкеп соққан қасақана ауыр дене жарақатын салған деп қате тұжырымға келген.....56

ИЗВЛЕЧЕНИЯ

В областных и приравненных к ним судах

Само по себе предложение взрослого лица несовершеннолетнему совершить преступление без оказания на него психического либо физического воздействия нельзя расценивать как вовлечение несовершеннолетнего в преступную деятельность.....61



Суд необоснованно отказал в условно-досрочном освобождении64

Неполнота предварительного следствия, отсутствие или недостаточность в деле доказательств, подтверждающих выводы органов уголовного преследования, допущенные при производстве дознания или предварительного следствия нарушения закона, влекущие признание материалов дела недопустимыми доказательствами, не являются основанием для направления дела на дополнительное расследование66

ОБЗОР

О судебной практике рассмотрения дел об освобождении имущества от ареста.....69

ТАЛДАУ

Алматы облысының соттарында 2013 жылы қаралған қылмыстық істер бойынша жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы сот тәжірибесі.....86



Қадірменді Қайрат Әбдіразақұлы!

Сізді мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздің өмір жолыңызды ардақты ата-ананың тәрбиесін адал атқарған, білім мен ғылым тұңғыығына терең бойлаған, мемлекеттік қызметтің қыры мен сырын меңгерген, Отанымыз – Қазақстан Республикасының бүгiні мен болашағы үшін аянбай еңбек етіп келе жатқан азамат, тұлға, патриот деп білеміз.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің «Бақытқа жету жөнiнде» деген трактатында «Өмірдегі күллі қаһармандық пен қайырымдылықтың, білім мен ізгіліктің қайнар көзін жүректегі иманнан іздеңіздер», - деп жазған екен.

Сіздің қарапайымдылығыңызды, имандылығыңызды, шыншылдығыңызды бойыңыздағы асыл қасиеттер деп тануымыз.

Қазақстан Республикасы сот жүйесінің беделін, судьялардың мәртебесін көтеру бағытында, әлеуметтік мәселелерді шешу жолында атқарылатын жұмыстардың ауқымы мол екенін түсінеміз.

Сіздің Елбасы мен Қазақстан халқы, әріптестеріңіздің алдындағы зор беделіңіз, біліміңіз бен тәжірибелеріңіз аталған міндеттерді атқаруға негіз болатынына біздің сеніміміз мол.

Осынау бақытты күндері жүрегіңізге жақсылық құйылып, жүзіңізге күлкі үйіріліп, жанұяңыз бен жақындарыңыздың ыстық ықыластарына бөленіп, денсаулық байлығына кенеліп жасай беріңіз.

Өзіңіз бас болып отырған әділеттің көші көлікті болсын!

Ізгі тілекпен,
Қазақстан Республикасының
Судьялар қауымдастығы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 1 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

4 сәуір 2014 жыл

Астана қаласы

«Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 2 нормативтік қаулысына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы
қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жоғарыда көрсетілген нормативтік қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) 5-тармақ алып тасталсын;
- 2) 6-тармақта «Қылмыстық кодекстің» деген сөздерден кейін «(бұдан әрі – ҚК)» деген сөздермен толықтырылсын;
- 3) 13-тармақта төртінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Шын ақша купюралары мен бағалы қағаздардан өзгерістері анық байқалатын жалған банкноттар мен бағалы қағаздар арқылы бөтеннің мүлкін иеленген адамның әрекеті де алаяқтық ретінде саралануға жатады.»;

- 4) мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

«14-1. ҚК-нің 220-бабы бойынша банк қызметкері, оның әрекетінде ұрлау белгілері болмаған кезде жауапкершілік көтереді. Егер осы баптың диспозициясында көрсетілген әрекеттерді банк қызметкері банктің ақша қаражаттарын өзінің меншігіне немесе басқа адамдардың меншігіне өтеусіз айналдыру ниетімен жасаса, онда оның әрекеттері ҚК-нің 220-бабы бойынша қосымша сараланбай, ұрлағаны үшін тиісті баптар бойынша жауапкершілікке тартуға жатады.».

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

Қ.Мәми

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Қ.Шаухаров



НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 1 ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

4 апреля 2014 года

город Астана

«О внесении изменений и дополнений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан «О некоторых вопросах квалификации преступлений в сфере экономической деятельности» № 2 от 18 июня 2004 года (с изменениями и дополнениями, внесенными нормативным постановлением Верховного Суда Республики Казахстан №1 от 21 апреля 2011 года)

Пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан
постановляет:

1. Внести в вышеуказанное нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан следующие изменения и дополнения:

- 1) пункт 5 исключить;
- 2) в пункте 6 после слов «Уголовного кодекса» дополнить словами «(далее - УК)»;
- 3) в пункте 13 абзац четвертый дополнить предложением следующего содержания:

«Как мошенничество подлежат квалификации и действия лица, завладевшего чужим имуществом с использованием поддельных банкнот и ценных бумаг явно отличающихся от настоящих денежных купюр и ценных бумаг.»;

- 4) дополнить пунктом 14-1 следующего содержания:

«14-1. По статье 220 УК работник банка несет ответственность при отсутствии в его действиях признаков хищения. Если действия, указанные в диспозиции этой статьи, совершены работником банка с умыслом на безвозмездное обращение денежных средств банка в свою собственность или собственность других лиц, то он подлежит ответственности по соответствующим статьям за хищение, без дополнительной квалификации по статье 220 УК.».

2. Согласно пункту 1 статьи 4 Конституции Республики Казахстан настоящее нормативное постановление включается в состав действующего права, а также является общеобязательным и вступает в силу со дня его официального опубликования.

**Председатель Верховного Суда
Республики Казахстан**

К.Мами

**Судья Верховного Суда
Республики Казахстан,
секретарь пленарного заседания**

К.Шаухаров



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ҚАДАҒАЛАУШЫ СОТ АЛҚАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Сот азаматтық істі қару кезінде материалдық заңды дұрыс қолданбаған

қаулы №3гп-264-14

(үзінді)

Н. өзінің талап арызында жауапкер С.-дан өзінің пайдасына некеде болған кезеңінде «БТА Банк» АҚ-ның Қызылорда филиалынан екі рет алынған несиелердің төленбеген 2 709 440 теңге қалдығын ортақ борыш деп тауып, яғни 1 490 192 теңгені өндіруді сұраған.

Қызылорда облыстық соты азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2013 жылғы 30 қазандағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Қызылорда қалалық сотының 2013 жылғы 29 тамыздағы шешімімен талап арыз қанағаттандырылудан бас тартылған.

Аталған соттың кассациялық сот алқасының 2014 жылғы 11 ақпандағы қаулысымен сот шешімі мен апелляциялық сот алқасының қаулысы өзгеріссіз қалдырылған.

Н. өз өтінішінде іс бойынша қабылданған сот актілерімен келіспей, олардың күшін жойып, талап арызды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруды сұраған.

Қадағалаушы сот алқасы іс бойынша талапкер Н.-ның өтінішін қолдаған түсінігін, прокурордың сот актілерінің күші жойылып, іс апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберілуге жатады деген қорытындысын тыңдап, іс құжаттарын тексеріп, төмендегі негіздерге байланысты дау айтылған сот актілерінің күші жойылуға жатады деген тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – АІЖК) 387-бабының 3-бөлігіне сәйкес, материалдық нормалардың немесе іс жүргізу құқығының едәуір бұзылуы соттың заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымдарын, қаулыларын қадағалау тәртібімен қайта қарауға негіз болады.

Іс құжаттарына қарағанда, тараптар 2004 жылғы 14 желтоқсаннан бастап заңды некеде тұрған. Бірге тұрған уақытта талапкер Н. 2006 жылғы 24 сәуірдегі № 1001/06/102/78 банктік заем шарты бойынша 4 900 000 теңге несие алған. Аталған несие Қызылорда қаласы, Бұхарбай батыр көшесі, 58-үй 41-пәтерді (бұдан әрі - пәтер) Қызылорда қаласы әкімдігінен сатып алу-сату шарты негізінде берілген.



Н. 2011 жылғы 10 наурызда № 1001/2011/L/53568 банктік заем шарты негізінде 914 000 теңге көлемінде алынған несиеге өзіне «Toyota Camry» маркалы автокөлігін сатып алған.

Тараптардың арасындағы неке 2011 жылғы 05 тамызда сот шешімімен бұзылған.

Қызылорда қалалық сотының 2012 жылғы 11 қазандағы шешімімен А.-ның талап арызы ішінара қанағаттандырылып, жоғарыда көрсетілген ортақ мүлік – пәтер Н.-ға қалдырылып, одан С.-ға және кәмелетке толмаған баласының пайдасына үлесі ретінде, жылжымайтын мүліктің бағаланған нарықтық құны 8 455 067 теңгеден 55 пайыз, яғни 4 450 286,85 теңге өндірілген.

Сот ерлі-зайыптылардың бірге тұрған уақытта алынған пәтер олардың ортақ меншіктегі мүлкі болып табылады деп тұжырым жасаған.

2012 жылғы 27 қыркүйектегі № 1498 сараптама қорытындысы бойынша тараптардың ортақ мүлкі болып табылатын пәтердің орташа нарықтық бағасы 8 455 067 теңгені құраған.

Бірінші сатыдағы сот іс бойынша шешім қабылдай отырып, талапкер 2011 жылы 10 наурызда банктік заем шарты негізінде 914 000 теңге несиеге алынған «Toyota Camry» маркалы автокөлігінің несие қарызын, тараптардың арасындағы ортақ борыш деп тануға негіз жоқ деп тапқан. Талапкер Н. 2010 жылғы 17 мамырда өз меншігіндегі «Mercedes Benz 190» маркалы мемлекеттік белгісі N 039 DDM автокөлікті сенімхат арқылы С.-ға беріп, оның келісімімен несие алып, жоғарыда көрсетілген автокөлікті сатып алған.

Іске тіркелген дәлелдерге қарағанда, тараптардың арасындағы неке бұзылған кезде, 2006 жылғы 24 сәуірдегі № 1001/06/102/78 несиеден 1 909 968 теңге, ал 2011 жылғы 10 наурыздағы № 1001/2011/L/53568 несиеден 799 472 теңге, барлығы 2 709 440 теңге төленбей қалған. Осы аталған несиелерден төлем кестесі бойынша төленбей қалған қарыздарды: бірінші несиені 2012 жылғы наурыз айына дейін, екіншісін 2012 жылдың қыркүйек айында Н. өзі төлеген. Қалдық қарыздар және олардың толық төленгендігі туралы банк берген анықтамаларды азаматтық істі қарау кезінде бірінші сатыдағы сотқа талапкер дәлелдеме ретінде ұсынған.

Н. талап арызында банктің несиеге берген қаржысын ортақ борыш деп танып, бөлуді сұрамаған. Керісінше ол неке бұзылған кезде төленбей қалған, кейіннен талапкер өзі төлеген, несие қаржысының қалдығын ортақ борыш деп танып, бөлуді сұраған.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 37-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі олардың келісімі бойынша ерлі-зайыптылар арасында бөлінуі мүмкін. Дау туған жағдайда ерлі-зайыптылардың ортақ



мүлкін бөлу, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың осы мүліктегі үлестерін айқындау сот тәртібімен жүргізіледі.

«Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 5 нормативтік қаулысының 16-тармағында сот істі қараған мезгілде ерлі-зайыптылардың иелігінде болған ортақ қарызы (Кодекстің 38-бабының 3-тармағы) және отбасы мүддесінен туындаған міндеттемелер жөніндегі талаптар құқығы ескеріледі деп түсіндірілген.

Алайда, қабылданған сот актілері қолданыстағы заң талаптарына сәйкес келмейді. Сот сатылары азаматтық даудың нысанасын толық, жан-жақты, объективті түрде тексермеген.

Тараптар заңды неке қатынасында тұрып, ортақ шаруашылық жүргізген кезде, 2006 жылы 24 сәуірде алынған несие соттың шешімімен тараптардың арасында ортақ мүлік ретінде бөлінген, жоғарыда көрсетілген пәтерді сатып алуға, ал 2011 жылы 11 наурызда аталған несие «Toyota Camry» маркалы автокөлігін сатып алуға жұмсалған. Бұл жағдайларды жауапкер жоққа шығармайды.

Сонымен қатар, бірінші сатыдағы сот талапкер Н.-ның 2010 жылғы 17 мамырда өз меншігіндегі «Mercedes Benz 190» маркалы автокөлігін жауапкер С.-ға бергенін ескермеген.

Жоғарыда көрсетілген екі несиеден қалған, төленбеген қарыздарды талапкер Н. жауапкермен некеден ажырасқаннан кейін, жалғыз өзі толық төлеп шыққан. Бұл жағдай да тараптар арасында дау тудырмайды.

Сондықтан, сот сатылары алынған несиелерден қалған, неке қатынасы тоқтатылғаннан кейін төленбеген қарыздар тараптардың ортақ борышы емес деген қате қорытындыға келген.

Н.-ның талап арызы объективті дәлелдермен бекітілген, ал жауапкер С. өзінің қарсылықтарының негіздері ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды сотқа ұсынбаған.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелерге қарағанда, тараптар алған екі несиеден, некелік қатынас тоқтатылғаннан кейін төленбей қалған қарыздың мөлшері 2 709 440 теңгені құрайды.

Ал, жауапкер С. мен оның кәмелетке толмаған баласының ортақ мүліктегі 55 пайыз үлестерін ескере отырып, жауапкерден талапкердің пайдасына өндірілетін соманың мөлшері 1 490 192 теңге тең екендігі дәлелденіп отыр.

Мұндай жағдайда, бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттардың актілерінің күші жойылуға жатады. Алайда, материалдық құқық нормаларын қолдануда қате жіберілгендіктен, қадағалаушы сот алқасы істі жаңадан қарауға жібермей, Н.-ның талап арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдауға негіз бар деген тұжырымға келеді.



Жоғарыда аталғандардың негізінде, қадағалаушы сот алқасы бірінші сатыдағы соттың шешімін, облыстық соттың апелляциялық және кассациялық сот алқалары қаулыларының күшін жойып, іс бойынша жаңа шешім қабылдады, яғни жауапкер С.-дан талапкер Н.-ның пайдасына ортақ қарыздың жартысы 1 490 192 (бір миллион төрт жүз тоқсан мың бір жүз тоқсан екі) теңге және 14 902 (оң төрт мың тоғыз жүз екі) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілді.

Талапкердің өтініші қанағаттандырылды.

**Іс бойынша тараптар ұсынған дәлелдемелердің
құқықтық бағалауына негізделген арызданушының
өтініші сот актілерін қайта қарауға негіз бола алмайды**

қаулы №3г-2718-14

(үзінді)

А. талап арызында жауапкерлердің пайдасына кәмелетке толмаған төрт баласын асырап-сақтау үшін өндірілген алимент мөлшері 2010 жылғы 19 наурыздағы сот шешімімен азайтылып, әр жауапкердің пайдасына өндірілетін алимент мөлшері табысының $\frac{1}{4}$ бөлігі мөлшерінде белгіленгенін, кейін 2013 жылғы 18 қазанда жауапкер С.-ның пайдасына 2010 жылғы 10 қыркүйекте туған қызы М.-ны және 2013 жылғы 09 маусымда туған ұлы Н.-ны асырап-сақтау үшін ай сайынғы еңбек табысынан $\frac{1}{4}$ бөлігі мөлшерінде алимент өндіруге сот бұйрығы қабылданғанын, қазіргі уақытта табысынан 83 пайыз алимент өндірілетінін көрсетіп, алимент мөлшерін азайтуды сұраған.

Қызылорда облыстық соты азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2014 жылғы 26 ақпандағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Қызылорда қалалық сотының 2013 жылғы 4 желтоқсандағы шешімімен талап арыз қанағаттандырылып, А.-ның барлық табысының және өзге де кірісінен жауапкер С.-ның пайдасына төрт балаға өндірілетін алименттің мөлшері 25%, жауапкер Б.-ның пайдасына екі балаға өндірілетін алименттің мөлшері 25%-ға дейін азайтылған.

Қызылорда облыстық соты кассациялық сот алқасының 2014 жылғы 15 сәуірдегі қаулысымен апелляциялық сот алқасының қаулысы өзгеріссіз қалдырылған.

Арызданушы С. өтінішінде іс бойынша қабылданған сот қаулыларымен келіспей, материалдық және отбасының ауыр жағдайын соттар ескермегенін



көрсетіп, бірінші сатыдағы сот шешімін өзгертіп, сот алқасы қаулыларының күшін жойып, өзінің пайдасына өндірілетін алимент мөлшерін 34 %, Б.-ның пайдасына 16 % деп белгілеуді сұрайды.

Іс бойынша құжаттарды тексеріп, өтініштің уәждерін зерттеп, алқа судьялары қадағалау іс жүргізуін қозғауға негіз жоқ деген қорытындыға келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – АІЖК) 387-бабына сәйкес, материалдық нормалардың немесе іс жүргізу құқығының едәуір бұзылуы соттың заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымдарын, қаулыларын қадағалау тәртібімен қайта қарауға негіз болады.

Алайда, іс бойынша мұндай заң бұзушылықтарға жол берілмеген.

Жиналған дәлелдерден көрінгендей, Қызылорда қалалық сотының 2010 жылғы 19 наурыздағы шешімімен жауапкерлер С. мен Б.-ның әрқайсының пайдасына талапкер А.-дан табысының 1/3 бөлігі мөлшерінде өндіріліп келген алимент 1/4 бөлікке дейін азайтылған.

Кейін ерлі-зайыпты А. мен С.-ның арасында 2010 жылғы 10 қыркүйекте қызы М. және 2013 жылғы 09 маусымда ұлы Н. дүниеге келген.

Осы балаларды асырап-сақтау үшін С.-ның арызы негізінде 2013 жылғы 18 қазанда талапкердің табысының 1/3 бөлігі мөлшерінде алимент өндіруге сот бұйрығы шығарылған.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 139-бабының 2-тармағына сәйкес, белгіленген үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

Бірінші сатыдағы сот талап арызды қанағаттандыру барысында, талапкер А.-ның жауапкер С.-мен бірге тұрып, балаларын толық отбасында тәрбиелеп отырғандарын, ал жауапкер Б.-ның екі баласын бір өзі асырап-бағып отырғанын, сондықтан талапкер екінші құрған отбасымен оның балалары алимент төлеу барысында кемшілік көрмейтіндігін негізге алған.

Апелляциялық және кассациялық сот алқалары бірінші сатыдағы сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін тексеріп, оны өзгертуге жатпайды деген қорытындыға келген.

Бұл тұрғыда іс бойынша тараптар ұсынған дәлелдемелердің құқықтық бағалауына негізделген арызданушының өтініші сот актілерін қайта қарауға негіз бола алмайды.

Сондықтан, қадағалау сот алқасы бірінші сатыдағы соттың шешімін, облыстық соттың апелляциялық және кассациялық сот алқаларының қаулыларын қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тартты.

Қаулының көшірмесі өтініш иесіне жолданды.



**Өтініште қандай соттың актілері қайта қаралуға
жататындығы және материалдық не іс жүргізу құқығы
нормаларының талаптары бұзылғандығы көрсетілмеген,
сондықтан қадағалау тәртібімен келтірілген
өтініш қараусыз қайтарылуға жатады**

қаулы № 3 г-2466 -14

(үзінді)

Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш аудандық сотының 2012 жылғы 17 тамыздағы шешімімен талап арыз ішінара қанағаттандырылып, «С» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнынан (бұдан әрі – МКК) «Д» ӨК-нің пайдасына 15 550 000 теңге сомасында 29 286 түп көшеттердің құны өндірілген. Талап арыздың қалған бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылған.

Сарыағаш аудандық сотының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы ұйғарымымен Сарыағаш ауданы әкімдігінің арызы негізінде жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша 2012 жылғы 17 тамыздағы сот шешімінің күші жойылып, істің қаралуы 2012 жылғы 27 желтоқсанға тағайындалған.

Сарыағаш аудандық сотының 2012 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен талапкерлердің Сарыағаш ауданы аумағына отырғызылған ағаш көшеттерінің құнын өндіру туралы талап арызының негізгі бөлігі қанағаттандырусыз, ал қалған бөлігі қараусыз қалдырылған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық соты азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2013 жылғы 22 ақпандағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Іс кассациялық тәртіппен қаралмаған.

Арызданушы өтініште іс бойынша қабылданған сот актілерімен келіспей, олардың күшін жойып, талап арызды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдауды сұраған.

Іс бойынша Қ. мен оның өкілі Т.-ның түсінігін тыңдап, құжаттарды тексеріп, өтініштің уәждерін зерттеп, алқа судьялары өтініш қараусыз кері қайтарылуға жатады деген қорытындыға келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – АІЖК) 388-бабының 1-бөлігіне сәйкес, соттың шешіміне, ұйғарымына, қаулысына заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде өтініш берілуі тиіс.

Ал өтініш келтіріліп отырған сот актілері 2013 жылғы 22 ақпанда заңды күшіне енген. Арызданушы өтінішті Жоғарғы Сотқа белгіленген бір жылдық мерзім өтіп кеткеннен кейін, яғни 2014 жылдың наурыз айында беріп, мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасамаған.



Арызданушының өкілі Т. қадағалау тәртібімен берген өтінішінде бірінші сатыдағы соттың ұйғарымы мен шешімдерінің, облыстық соттың апелляциялық және кассациялық сот алқаларының қаулыларының; Сарыағаш ауданы әкімдігінің «С» МКК-ін тарату жөніндегі қаулысының; Сарыағаш аудандық сотының ұйғарымының күшін жоюды сұраған.

Өтініште қандай соттың актілері қайта қаралуға жататындығы, сот актілерін қабылдауға негіз болған азаматтық даулардың нысандары, мазмұны, талапкерлер мен жауапкерлердің аты-жөндері көрсетілмеген; дауланып отырған сот актілерінің даналары өтінішке тіркелмеген; қандай материалдық не іс жүргізу құқығы нормаларының талаптары бұзылғандығы, аталған сот актілеріне уақытында өтініш берілмеу себептері көрсетілмеген. Сонымен бірге әрбір азаматтық іс бойынша өтініш жеке берілуі тиіс.

Мұндай жағдайда қадағалау тәртібімен келтірілген өтініш қараусыз қайтарылуға жатады.

Осы айтылғандардың негізінде, қадағалаушы сот алқасы бірінші сатыдағы сот шешімінің, облыстық соттың апелляциялық сот алқасының және басқа да сот актілерінің күшін жою туралы «Д» ӨК-нің өкілі Т.-ның өтінішін қараусыз кері қайтарды.

**Әкімшілік жауапкершілік туралы заңды дұрыс
қолданбау әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша
қаулыны бұзуға немесе өзгертуге негіз болып табылады**

қаулы № 3 на-38 -14

(үзінді)

Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2013 жылғы 22 шілдедегі қаулысымен Т.-ға қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 129-бабының 1-бөлігімен қозғалған әкімшілік іс әкімшілік жауапқа тарту мерзімінің өтуіне байланысты қысқартылған.

Әкімшілік іс апелляциялық тәртіпте қаралмаған.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары өзінің наразылығында бірінші сатыдағы сот қаулысының күшін жойып, іс жүргізу өндірісін қайта қалпына келтіріп, оны қайта қарау үшін бірінші сатыдағы сотқа жіберуді сұраған.

Прокурордың наразылықты қолдаған уәждерінің қорытындысын және әділет департаменті өкілдерінің наразылықты қолдаған пікірлерін



тыңдап, іс материалдарын зерделеп, қадағалаушы сот алқасы прокурордың наразылығы төмендегі негіздерге байланысты қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келеді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, Т.-ны 2013 жылғы 10 наурызда Астана қаласы, Қарасай батыр көшесінің бойындағы 25-үйдің жанында DVD форматтық контрафактілі сипаттағы дискілерді сатып тұрған жерінен полиция қызметкерлері ұстаған.

Осы орын алған жағдай сотта өз дәлелін тапқан. мұны құқық бұзушы Т. да жоққа шығармайды.

Сот істі қысқарту туралы шешімін ӘҚБтК-нің 69-бабының 5-бөлігінде көрсетілген мерзімнің өтіп кетуімен негіздеген.

Алайда, соттың бұл тұжырымы істің нақты мән-жайларына сәйкес келмейді.

Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 69-бабының 5-бөлігінде құқық бұзушының іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған не қылмыстық іс қысқартылған жағдайда адам қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін делінген.

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы № 18 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – нормативтік қаулы) 25-13-тармағында ӘҚБтК 69-бабының 4-1-бөлігіне сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолдану мерзімінің барысы істі сот сатыларына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамына жіберген кезден бастап тоқтатыла тұрады деп көрсетілген.

Әкімшілік жаза қолдану мерзімінің өту барысының тоқтатыла тұру сәті деп істі сот сатыларына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамына іс жүзінде жіберген күнді (поштаға тапсыру күні, курьердің алуы) түсіну керек.

Мерзімдерді есептеуді қайтадан бастау осы қағидамен жүргізіледі.

Іс құжаттарына сәйкес, Т.-ға қатысты қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы 2013 жылғы 13 наурызда қабылданған.

2013 жылғы 31 мамырда, яғни 79 күн өткен кейін Астана қаласы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтары жөніндегі бөлімінің бас маманы А., құқық бұзушы Т.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтырып, сол күні сотқа қарау үшін жолдаған.

Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2013 жылғы 24 маусымдағы ұйғарымымен Т.-ға қатысты ӘҚБтК-нің 129-бабының 2-бөлігімен қозғалған әкімшілік іс және тіркелген құжаттар



уәкілетті органға кемшіліктерін жою және оның іс-әрекеттерін негізді саралау үшін кері қайтарылған.

Аталған құжаттар Астана қаласының Әділет департаментіне 2013 жылғы 26 маусымда келіп түсіп, сол күні Т.-ға қатысты ӘҚБтК-нің 129-бабының 1-бөлігіне сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, сотқа жолданған.

Мұндай жағдайда қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы қабылданған күннен бастап (2013 жылдың 13 наурызында) 79 күн өткен, яғни іс жүргізу мерзімі үш айдан аспаған.

Аталған нормативтік қаулының 21-тармағында соттар жаңа дәлелдемелерді зерттеуге құқылы емес. Сондықтан әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу негізсіз қысқартылған жағдайда, олар дауланып отырған сот актісін бұзып, іс жүргізу өндірісін қайта қалпына келтіріп, оны қайта қарау үшін сотқа жібереді деп көрсетілген.

ӘҚБтК-нің 665-бабының 2-бөлігіне сәйкес, әкімшілік жауапкершілік туралы заңды дұрыс қолданбау әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны бұзуға немесе өзгертуге негіз болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, қадағалаушы сот алқасы Т.-ға қатысты қаулының күшін жойып, іс жүргізу өндірісін қайта қалпына келтіріп, оны қайта қарау үшін бірінші сатыдағы сотқа жолдады.

Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша заңдарды дұрыс қолданбау сот актісін өзгертуге себеп болды

қаулы № 3 на-41 -14

(үзінді)

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық сотының 2013 жылғы 23 мамырдағы қаулысымен Т.-ға қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексiнiң (бұдан әрi – ӘҚБтК) 368-бабының 1-бөлігімен қозғалған әкімшілік іс құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты өндіріспен қысқартылған.

Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінде сақтауда тұрған 16 калибрлі, бір ұңғылы «ЗК» үлгісіндегі № Ж3357 зауыттық тәсілмен дайындалған аңшы мылтығы Т.-ға қайтарылған.

Іс апелляциялық сатыда қаралмаған.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары өз наразылығында әкімшілік істі өндірісінен қысқарту жөніндегі қаулыны



дауламай, сот азаматтық қаруды тәркілеу мәселесін шешпегендіктен, сот актісін өзгертуді сұраған.

Наразылықтың уәждерін қуаттаған прокурордың қорытындысын, іс материалдарын зерделеп, қадағалаушы сот алқасы прокурордың наразылығы төмендегі негіздерге байланысты қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келеді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, Т. атуға жарамсыз «ЗК» маркалы аңшы мылтығын үйінде сақтаған.

Сот-баллистикалық сараптамасының 2013 жылғы 19 сәуірдегі № 864 қорытындысы бойынша Т.-дан алынған мылтық дара ұңғылы, арнасы тегіс, атыс тобына жататын 16 калибрлі «ЗК» үлгісіндегі № Ж3357 сериялы, зауыттық тәсілмен дайындалған атуға жарамсыз аңшы мылтығы болып табылады.

Сот дауды шешкенде, алынған зат қару деп танылуға жатпайды, себебі сараптама қорытындысына сай аңшы мылтығы атуға жарамсыз деп көрсеткен.

Алайда, «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына тыйым салынған.

«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысының 100-тармағына сәйкес, қарудың техникалық күйін анықтау жөніндегі комиссия қаруды жарамсыз (жөндеуге келмейді) деп тапса, қару тіркелмейді (қайта тіркелмейді) және дереу қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жойылуы тиіс.

Т.-ға мылтықты қолдану үшін тиісті рұқсаттама берілмегендіктен, заң талаптарына сәйкес атуға жарамсыз тегіс арналы қаруды азаматтық айналымда пайдалануға тыйым салынған. Мұндай қару оның иесіне және басқа тұлғаларға қайтарылуға жатпайды.

Сонымен бірге бүгінгі күні осы қаруды қалпына келтіріп, заңсыз мақсатта қолдану мүмкіндігі жоққа шығарылмайды.

Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 651-бабы 3-бөлігінде көрсетілгендей, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыда жеке адамда болған алынып қойылған заттар мен құжаттар туралы, заңды тұлғаға тиесілі құжаттар мен мүлік туралы мәселелер шешілуге тиіс. Бұл кезде айналымға тыйым салынған заттар тиісті мекемелерге беріледі немесе жойылады.



Сондықтан атуға жарамсыз «ЗК» маркалы аңшы мылтығы оның иесінен алынып, ішкі істер органдарына жою үшін жолдануға тиіс.

Жоғарыда аталған заңның 665-бабының 2) тармақшасына сәйкес, әкімшілік жауаптылық туралы заңды дұрыс қолданбау әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының күшін жоюға немесе өзгертуге негіз болып табылады.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, қадағалаушы сот алқасы Т.-ға қатысты сот қаулысын өзгертіп, Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінде сақтауда тұрған 16 калибрлі, бір ұңғылы «ЗК» үлгісіндегі №Ж3357 зауыттық тәсілмен дайындалған аңшы мылтығы Т.-ға қайтарылсын деген бөлігінің күшін жойып, қаулының осы бөлігі бойынша «ЗК» маркалы аңшы мылтығын иесінен алып, жою үшін ішкі істер органдарына беру туралы шешім қабылдады.





ПОСТАНОВЛЕНИЯ НАДЗОРНОЙ СУДЕБНОЙ КОЛЛЕГИИ ПО ГРАЖДАНСКИМ И АДМИНИСТРАТИВНЫМ ДЕЛАМ ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Нормы материального права судами применены правильно, ввиду чего у кассационной инстанции не было оснований для отмены вынесенных по делу судебных актов

постановление № 3гп-210-14

(извлечение)

Б. обратилась в суд с иском к Министерству внутренних дел (далее – МВД), Комитету внутренних войск Министерства внутренних дел (далее – Комитет), воинской части 7... ВВ МВД о взыскании морального вреда в размере 10 000 000 тенге, мотивируя тем, что она испытывает нравственные страдания, связанные со смертью сына – А., погибшего при исполнении воинского долга во время прохождения срочной службы во внутренних войсках МВД. Ее сын покончил жизнь самоубийством на почве неуставных взаимоотношений со стороны сослуживцев ефрейтора М. и рядового Б., приговоренных к различным срокам лишения свободы. По мнению Б. гибель ее сына явилась результатом отсутствия надлежащего контроля со стороны должностных лиц воинских частей МВД, их халатности, ввиду чего полагала, что ответчики обязаны возместить причиненный ей моральный вред.

Решением Алматинского районного суда г. Астаны от 17 апреля 2013 года в удовлетворении исковых требований было отказано.

Постановлением апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам суда г. Астаны от 3 июня 2013 года решение оставлено без изменения.

Постановлением кассационной судебной коллегии суда г. Астаны от 26 ноября 2013 года решение Алматинского районного суда г. Астаны от 17 апреля 2013 года и постановление апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам суда г. Астаны от 3 июня 2013 года по данному делу отменены с вынесением нового решения об удовлетворении иска. В пользу Б. с Комитета, воинской части 7... взыскана компенсация морального вреда в сумме 5 000 000 тенге в солидарном порядке. Судебные расходы по оплате государственной пошлины в размере 50 000 тенге отнесены на счет республиканского бюджета.

Рассмотрев дело по ходатайству Главнокомандующего Внутренними войсками МВД об оспаривании постановления кассационной судебной коллегии суда г. Астаны, надзорная судебная коллегия Верховного Суда



отменила постановление кассационной судебной коллегии, оставив в силе постановление апелляционной судебной коллегии, в силу следующего.

Приговорами военного суда Алматинского гарнизона от 3 октября 2011 года, имеющими преюдициальное значение в силу статьи 71 ГПК для данного гражданского дела, установлено, что А., сын Б., 15 декабря 2010 года был призван на срочную воинскую службу и проходил ее в воинской части 7... в г. Алматы.

6 мая 2011 года А. был переведен во второй батальон воинской части 7..., дислоцированный в Алматинской области.

С первых дней перевода рядовой Б. причинял физическое и психологическое насилие рядовому А., сопровождавшееся систематическим вымогательством денег и единиц для мобильного телефона, нарушая уставные правила взаимоотношений между военнослужащими при отсутствии между ними отношений подчиненности.

8 июня 2011 года, около 9 часов с целью проверки службы часового на пост № 5 зашел помощник начальника караула ефрейтор М., сделав замечание рядовому А., якобы за нарушение им правил несения боевой службы и, нарушая уставные правила несения караульной службы, нанес несколько ударов по лицу и груди последнего, угрожая дальнейшей расправой.

В результате чего А. покончил жизнь самоубийством на почве неуставных взаимоотношений со стороны сослуживцев ефрейтора М. и рядового Б., которые были осуждены: Б. по части третьей статьи 370, пункту «а» части второй статьи 181 Уголовного кодекса (далее – УК) к 8 годам лишения свободы с отбыванием наказания в колонии общего режима, М. по части второй статьи 377 УК к 6 годам лишения свободы с отбыванием наказания в колонии общего режима.

По результатам служебного расследования приказом командующего Внутренними войсками МВД виновные должностные лица воинских частей 5... и 7..., допустившие факт гибели рядового А., были подвергнуты различным мерам дисциплинарного взыскания.

Полагая виновными в гибели сына и причинении ей морального вреда не только осужденных военнослужащих, но и должностных лиц воинских частей, Б. обратилась с данным иском в суд.

Суд первой инстанции, отказывая в удовлетворении иска, правильно исходил из того, что Б. была признана потерпевшей по вышеуказанным уголовным делам в соответствии с частью первой статьи 75 Уголовно-процессуального кодекса. Согласно части четвертой указанной статьи, иск потерпевшего о возмещении ему морального вреда рассматривается в уголовном процессе. Приговорами суда гражданский иск Б. удовлетворен, с каждого из осужденных в пользу Б. взыскана компенсация морального вреда



за гибель сына по 500 000 тенге, ввиду чего суд не усмотрел оснований для взыскания компенсации морального вреда с ответчиков.

С данными выводами согласилась апелляционная инстанция, указав, что Комитет выплатил истцу 756 000 тенге в качестве единовременной компенсации, предусмотренной Правилами выплаты единовременных компенсаций в случае гибели (смерти) военнослужащего (военнообязанного), разработанных в соответствии со статьей 14 Закона «О статусе и социальной защите военнослужащих и членов их семей», действовавшего на момент гибели А.

Кассационная инстанция указала на неправильное применение норм материального права судами нижестоящих инстанций, ввиду чего отменила вынесенные ими судебные акты и приняла новое решение об удовлетворении иска Б.

При этом кассационная коллегия исходила из того, что смерть А. наступила не только из-за преступных действий осужденных М. и Б., но и вследствие бездействия должностных лиц воинских частей, выразившегося в отсутствии надлежащего уставного порядка, необеспечении мер безопасности при несении службы и повседневной деятельности. Вина должностных лиц воинских частей 5... и 7... подтверждена материалами служебного расследования, фактом привлечения их к дисциплинарной ответственности.

Таким образом, по выводам суда кассационной инстанции установлено наличие противоправного поведения (бездействия) и вины должностных лиц ответчиков, за действия которых несут гражданско-правовую ответственность юридические лица – государственные учреждения, в которых служат должностные лица, а также причинно-следственная связь противоправного поведения указанных лиц со смертью военнослужащего.

Доводы ответчиков об отсутствии их вины в причинении морального вреда Б. и причинно-следственной связи между бездействием должностных лиц и наступившими последствиями в виде гибели А. и причинении морального вреда, кассационной коллегией признаны необоснованными.

Надзорная коллегия Верховного Суда посчитала выводы суда кассационной инстанции ошибочными, основанными на неправильном толковании норм материального права и не соответствующими установленным по делу обстоятельствам.

В соответствии с пунктом 17 Нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 21 июня 2001 года № 3 «О применении судами законодательства о возмещении морального вреда» только в предусмотренных Гражданским кодексом Республики Казахстан случаях личные неимущественные права подлежат защите судом независимо от вины



лица, нарушившего эти права. В остальных случаях возмещение морального вреда производится при установлении вины лица, причинившего этот вред.

Вступившими в законную силу приговорами суда установлены лица, виновные в доведении до самоубийства А., непосредственно причинившие вред, с которых и взыскана компенсация морального вреда в рамках уголовных дел. Судом кассационной инстанции не указана норма ГК, в соответствии с которой возложена обязанность по возмещению морального вреда на ответчиков, не являющихся виновными в причинении вреда.

Из материалов дела следует, что причиной суицида А. явились противоправные действия со стороны Б. и М., а не халатность и бесконтрольность должностных лиц, как указано в кассационном постановлении. Должностные лица ответчиков понесли дисциплинарную ответственность за низкую эффективность работы с личным составом, но эти недостатки не находятся в прямой причинной связи со смертью А.

Таким образом, выводы судов первой и апелляционной инстанций об отсутствии оснований для удовлетворения иска являются обоснованными, нормы материального права, подлежащие применению в данном случае, указанными судами были применены правильно, ввиду чего у суда кассационной инстанции не было оснований для отмены вынесенных по делу судебных актов.

Суд утвердил мировое соглашение

постановление № 3гп-220-14

(извлечение)

К. обратился в суд с иском к Н. о признании договора дарения квартиры недействительным.

**Суд, установив отсутствие в действиях подсудимого
квалифицирующего признака – нанесение вреда,
необоснованно признал его виновным по норме закона,
где квалифицирующим признаком также признается
нанесение вреда**

постановление № 2уп-54-14

(извлечение)

Приговором Уланского районного суда Восточно-Казахстанской области от 10 августа 2012 года:

К., осужден по части второй статьи 307 Уголовного кодекса (далее – УК) к 2 годам лишения свободы, по части второй статьи 314 УК к 1 году лишения свободы лишения свободы с лишением права занимать должности на государственной службе, органах местного самоуправления сроком на 3 года, согласно части второй статьи 58 УК окончательно к 2 годам лишения свободы с лишением права занимать должности на государственной службе, в органах местного самоуправления сроком на 3 года.

На основании статьи 63 УК наказание в виде лишения свободы постановлено считать условным с испытательным сроком на 2 года.



С К. в пользу ГУ «У» взыскан причиненный ущерб в сумме 495 000 тенге.

Апелляционная судебная коллегия изменила приговор суда:

- в части осуждения К. по части второй статьи 307 УК отменено, дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления;

- исключено применение части второй статьи 58 УК;

- в остальной части, в том числе в части осуждения К. по части второй статьи 314 УК, оставлено без изменения;

- на основании подпункта 1) пункта 3 статьи 2 Закона «Об амнистии в связи с двадцатилетием государственной независимости Республики Казахстан» от 28 декабря 2011 года К. от назначенного судом наказания освобожден.

Кассационная судебная коллегия постановление апелляционной инстанции оставила без изменения.

Судом К. признан виновным в совершении служебного подлога, то есть внесении должностным лицом в официальные документы заведомо ложных сведений с целью извлечения выгоды и преимущества для другой организации.

Изучив материалы уголовного дела по ходатайству адвоката осужденного, надзорная судебная коллегия Верховного Суда пришла к выводу об отмене состоявшихся судебных актов в отношении К. по следующим основаниям.

По смыслу закона уголовная ответственность по статье 314 УК наступает за внесение в официальные документы заведомо ложных сведений с целью извлечения выгоды и преимущества для себя или других лиц, либо организаций.

Следственные органы и нижестоящие судебные инстанции признали, что К., являясь должностным лицом, в нарушение своих должностных обязанностей, совершил служебный подлог.

Так, согласно договору от 15 марта 2008 года, заключенного между ТОО «О» и ГУ «У», окончательные расчеты должны были быть произведены только после положительного заключения государственной экспертизы, а также после согласования проектной документации со всеми компетентными государственными органами и подписания акта приемки-передачи проектно-сметной документации. Однако, не имея такового заключения и согласования, вопреки интересам службы, К. составил фиктивный акт выполненных работ от 15 мая 2008 года, в который внес заведомо ложные сведения о том, что все без исключения работы по разработке проектно-сметной документации ТОО «О» выполнены. На основании данного акта 20 мая 2008 года на счет ТОО «О» были



перечислены 950 000 тенге, из которых 495 000 тенге были перечислены незаконно.

Вместе с тем, судами при рассмотрении данного уголовного дела оставлено без внимания то обстоятельство, что не всякое нарушение влечет за собой уголовную ответственность по статье 314 УК, а лишь совершенное с прямым умыслом.

Согласно закону субъективная сторона данного преступления характеризуется прямым умыслом. Виновное лицо достоверно знает, что он вносит в официальные документы ложные сведения, и сознательно совершает иные действия, составляющие сущность служебного подлога. При этом субъект должен преследовать цель извлечения выгоды и преимущества для себя или других лиц или организаций либо причинения вреда другим лицам или организациям. Наличие каких-либо других целей при совершении действий, предусмотренных статьей 314 УК, исключает уголовную ответственность за служебный подлог.

В данном случае для того, чтобы признать действия К. общественно опасными, необходимо установить, что они были совершены с целью извлечения выгоды и преимущества для себя или других лиц, либо для какой-либо организации.

В суде осужденный не отрицал, что последняя сумма в размере 950 000 тенге действительно им была перечислена 20 мая 2008 года, не дожидаясь заключения государственной экспертизы, поскольку не освоение денежных средств грозило ему увольнением. Кроме того он сам лично видел проект проектно-сметной документации, исполнитель пообещал передать его на государственную экспертизу, куда в августе 2008 года проект действительно был сдан. В сентябре 2008 года он был уволен с работы.

Из показаний руководства и работников ТОО «О», данных в ходе судебного заседания следует, что своевременное завершение проекта не состоялось по обстоятельствам, возникшим позднее, в том числе вследствие действий самого заказчика, а именно в связи с изменением фасада (купола) здания, изменением целевого назначения объекта на «Центр досуга молодежи», а затем обратно – на административное здание.

Так, решением специализированного межрайонного экономического суда Восточно-Казахстанской области от 5 апреля 2011 года по иску ГУ «У» к ответчику ТОО «О», установлено, что ответчиком после получения предпроектной документации в соответствии с утвержденным заданием от 6 марта 2008 года была разработана проектно-сметная документация, которая 18 августа 2008 года была направлена в ДГП «В».

Однако, уже 19 августа 2008 года согласно письму ТОО «О» данный проект был отозван из органов госэкспертизы, при этом в письме указано, что отзыв связан с пожеланиями заказчика изменить конструкцию кровли.



В ноябре 2008 года заказчиком было изменено архитектурное задание, в соответствии с которым разработке подлежал проект «Центр досуга молодежи» в п. Молодежный. 14 ноября 2008 года проектировщиком рабочий проект был сдан на согласование в ДГП «В». 9 февраля 2010 года ТОО «О», ссылаясь на намерения заказчика изменить целевое назначение здания, просил расторгнуть договор и вернуть проект для рассмотрения. После этого, 15 февраля 2010 года ответчиком был направлен в ДГП «В» окончательный рабочий проект Административного здания в п. Молодежный Уланского района. Однако данный проект не прошел государственную экспертизу.

К. не имел умысла на причинение ущерба государству или предоставление выгоды в пользу ТОО «О», поскольку действия К. по подписанию акта были связаны со своевременным освоением бюджетных средств. Кроме того, перечисленные бюджетные средства в размере 495 000 тенге были предусмотрены договором, заключенным между ГУ «У» и ТОО «О», то есть не повлекли для государства выделения дополнительных, не предусмотренных договором, денежных средств.

Как установлено судом, руководство ТОО «О» и К. в личных отношениях не состояли, переговоры по данному объекту руководитель ТОО вел непосредственно с акимом района. Каких-либо выгод и преимуществ для К. факт выплаты суммы подрядчику органами следствия и судом не установлено.

Фактически в действиях К. усматривается нарушение финансовой дисциплины.

Вместе с тем суд апелляционной инстанции, признав осуждение К. по части второй статьи 307 УК незаконным ввиду отсутствия в его действиях состава преступления, то есть, установив, что в его действиях отсутствует квалифицирующий признак – нанесение вреда, в то же время необоснованно признал его виновным по части второй статьи 314 УК, где также квалифицирующим признаком признается нанесение вреда.

При таких обстоятельствах надзорная судебная коллегия Верховного Суда посчитала, что в действиях К. отсутствует состав преступления, предусмотренного статьей 314 УК, и судебные акты в отношении него являются незаконными и необоснованными, подлежат отмене с прекращением уголовного дела за отсутствием в его действиях состава преступления.

Надзорная коллегия Верховного Суда в силу статьи 42 УПК признала за К. право на реабилитацию вследствие необоснованного привлечения его к уголовной ответственности.



Суд с учетом позиции потерпевшего, возмещения ему ущерба, признания осужденным своей вины и раскаяния в содеянном посчитал возможным применения к нему статьи 63 Уголовного кодекса

постановление № 2уп-45-14

(извлечение)

Приговором Турксибского районного суда г. Алматы от 22 апреля 2013 года:

М., осужден по части третьей статьи 185 УК к 5 годам лишения свободы в исправительной колонии общего режима.

Постановлениями апелляционной и кассационной судебных коллегий приговор оставлен без изменения.

Судом М. признан виновным в совершении преступления при следующих обстоятельствах. М. работал на станции технического обслуживания (далее – СТО) в г. Алматы мастером по ремонту ходовой части автомашин. 26 октября 2012 года К. оставил автомашину марки «Mercedes Bens C 280», 1994 года выпуска и ключи от автомашины для передвижения внутри СТО с целью проведения диагностики. Однако М., не имея разрешения на управление указанной автомашиной, неправомерно завладев им без цели хищения, 31 октября 2012 года около 01.00 часов ночи выехал с территории СТО к себе домой в поселке М.

В пути следования, не справившись с управлением автотранспортным средством, он совершил дорожно-транспортное происшествие – наезд на дерево. В результате столкновения автомашина претерпела технические повреждения, и потерпевшему был причинен крупный материальный ущерб в размере 1 107 177 тенге.

Исследовав материалы дела, надзорная судебная коллегия Верховного Суда изменила приговор суда в отношении М. по следующим основаниям.

Виновность осужденного в неправомерном завладении автомобилем без цели хищения материалами дела доказана. Его действиям по части третьей статьи 185 УК дана правильная правовая оценка.

Вместе с тем, по делу были допущены существенные нарушения требования статей 24, 75, 398 и 402 УПК. Так, суд апелляционной инстанции оставил без рассмотрения апелляционную жалобу (заявление) потерпевшего от 2 мая 2013 года. В нем К., обращаясь в Алматинский городской суд в апелляционный срок, просил в связи с тем, что осужденным материальный ущерб ему полностью возмещен, назначить М. наказание, не связанное с лишением свободы.



Таким образом, судом апелляционной инстанции были грубо нарушены права потерпевшего на апелляционное обжалование приговора суда и допущена неполнота апелляционного рассмотрения.

Кроме того, суд апелляционной инстанции в нарушение требований части четвертой статьи 422 УПК доводы апелляционной жалобы адвоката осужденного о наличии позиции потерпевшего, вообще не исследовал и не дал им какую-либо оценку.

Эти нарушения судом кассационной инстанции не были устранены.

Таким образом, суды апелляционной и кассационной инстанций необоснованно не учли позицию потерпевшего о назначении осужденному наказания, не связанного с лишением свободы.

Суд надзорной инстанции с учетом позиции потерпевшего, возмещения ему ущерба, первой судимости М., признания им своей вины и раскаяния в содеянном, а также и положений статей 38, 52, 53, 57 и 63 УК посчитал возможным применение к осужденному статьи 63 УК.

На основании изложенного, руководствуясь статьями 459, 467 и 468 УПК, надзорная судебная коллегия Верховного Суда изменила вынесенные судебные акты в отношении М., постановила назначенное ему наказание в виде 5 лет лишения свободы с применением статьи 63 УК считать условным с испытательным сроком в 2 (два) года.

Установить в отношении М. пробационный контроль и возложить на осужденного исполнение следующих обязанностей: не менять постоянного места жительства и работы без уведомления специализированного государственного органа, осуществляющего контроль за поведением условно осужденного.

В остальной части приговор суда в отношении М. оставить без изменения.

Осужденного М. из-под стражи немедленно освободить.



**Облыстық және оған теңестірілген соттарда****Лауазымды қызметіне адал қарамай, ұқыпсыз қарауының салдарынан өз міндеттерін орындамаған, яғни салақтық танытып, орын алған қылмыспен себепті байланыс анықталмағандықтан, қылмыстық іс қысқартылған**

қаулы № 1к-2-13

(үзінді)

Қызылорда қалалық сотының 2009 жылғы 18 наурыздағы үкімімен:

С., бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 316-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, ҚК-нің 68-бабының 2-бөлігін қолданып, қылмыстық жауаптылықтан босатылған.

Қызылорда облыстық соты қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2009 жылғы 28 сәуірдегі қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Сот үкімі бойынша С. Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімінің сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторының бастығы лауазымын атқарып жүріп салақтық танытқан, яғни қызметіне ұқыпсыз қарап, өз міндеттерін лайықты орындамағаны үшін кінәлі деп танылған.

Ол Қызылорда қалалық ІБ-нің уақытша ұстау изоляторының серуендеу ауласына шығатын есіктің құлпының ақауы бар екенін, серуендеу ауласынан арнайы айдауылдау автокөліктің тұрақ-жайына шығатын есіктегі аспалы құлыптың орнында жоқ екенін біле тұра, көрсетілген кемшіліктерді жоюға қатысты шаралар қолданбаған. Сондықтан уақытша ұстау изоляторының полицей-кинологы, полиция аға сержанты Т. мен уақытша ұстау изоляторының айдауыл полицейі, полиция старшинасы Е. өздерінің қызметтеріне ұқыпсыз қарап, тиісті деңгейде орындамаған. Соның салдарынан қалалық ІБ-нің уақытша ұстау изоляторына оқшауландырылған И. 2008 жылғы 20 шілдеде сағат 07.35 минут кеткенде полиция қызметкерлерінің тарапынан қараусыз қалғандығын пайдаланып, уақытша ұстау изоляторының серуендеу ауласына шығатын есік арқылы және серуендеу ауласындағы арнайы айдауылдау автокөлігінің тұрақ-жайына шығатын есіктің ашық тұрғанын пайдаланып қамаудан қашып кеткен.

Сотталған С. өзінің кассациялық шағымында Қызылорда қалалық ІБ-нің уақытша ұстау изоляторының серуендеу ауласына шығатын есіктің құлпының ақауы бар екенін анықтап, уақытша ұстау изоляторының техникалық бекініс жұмыстарын жүргізу туралы акт жасап, 2008 жылғы 17 шілдеде Қызылорда ОПД-нің арнайы мекемелерге жолдағанын, қылмыстың орын алуына Т. мен Е.-ның қызметтік міндеттерін ұқыпсыз,



лайықты орындамауы себеп болғанын, уақытша ұстау изоляторының бастығы қызметін бар болғаны 18 күн ғана атқарғанын, бұрын ешқандай жауапкершілікке тартылмағанын ескеріп, әрекетінде қылмыс құрамының болмауына байланысты ақтауды сұраған.

Сотталған Т. мен Е.-ның тарапынан сот қаулыларына шағым немесе наразылық келтірілмеген.

Сот алқасы сотталған С.-ның шағым уәждерін қуаттап, үкімді өзгертіп, өзін ақтауды сұраған түсінігін, прокурор М.-ның сот қаулыларын өзгеріссіз, кассациялық шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы қорытындысын тыңдап, іс құжаттары мен шағым уәждерін талқылап, төменде көрсетілген негіздермен сот қаулыларының сотталған С. жөніндегі бөлігінің күшін жоюға, кассациялық шағымды қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - ҚІЖК) 446-2-бабының талабына сай, кассациялық сатыдағы сот үкімді шығарған соттың қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын сақтауын тексереді және соның негізінде үкімнің заңдылығын, негізділігін және әділдігін тексереді.

ҚР ҚК-нің 19-бабының 1-бөлігіне сай, адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

Қылмыстық істі қараған сот сатылары жоғарыдағы аталған мән-жайлар негізінде сотталған С.-ны ҚР ҚК-нің 316-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп тапқан.

2008 жылғы 20 шілдеде орын алған қылмыстық әрекеттің, яғни қалалық уақытша ұстау изоляторынан оқшауландырылған И.-дың қашып кетуіне изолятор бастығы қызметін атқарған С. өз қызметтік міндеттерін орындамай, ұқыпсыз қарап, салақтық танытқан. Алайда оның орын алған қылмыспен себепті байланысы анықталмаған.

Қылмыс қудалау органдары, одан кейін сот сатылары С. уақытша ұстау изоляторы бастығы лауазымын атқарып жүріп салақтық, яғни қызметіне ұқыпсыз қарап, өз міндетін лайықты орындамай, шығатын есіктің құлпының орнында жоқ екенін біле тұра, оған шара қолданбаған деп шектелген.

Ал сотта анықталған дәлелдемелерге қарағанда, С. өзінің қызметтік міндеттеріне 2008 жылғы 03 шілдеде кірісіп, осы жылдың 17 шілдесінде изолятордың есігінің құлпындағы ақау жөнінде акт жасап, арнаулы орындарға жеткізгендігі көрсетілген.

Сонымен қатар, осы қылмыс бойынша И., Т. және Е. жөніндегі сот үкімдеріне қарағанда, қылмыстың орын алуына сол күні күзетте болған уақытша ұстау изоляторының кинологы, аға сержант Т. полиция старшинасы Е.-ның өз қызмет міндеттерін өрескел бұзуы себеп болғаны анықталған. Атап



айтқанда, аталғандар оқшауландырылған И.-ды мезгілсіз уақытта әжетханаға шығарып, оны қараусыз қалдырған уақытта уақытша ұстау изоляторының серуендеу ауласына шығатын есікті ашық қалдырып, ол жерде болуға тиісті итті уақытынан бұрын қамап тастаған. Осы кемшіліктерді пайдаланып И. изолятордан қашып кеткен.

Кассациялық сот алқасы мұндай жағдайда С.-ның әрекетінде қылмыстың белгісі бар деген тұжырыммен келісуге болмайды деген қорытындыға келді. Сондықтан оның кассациялық шағымы қанағаттандырылды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың негізінде бірінші сатыдағы сот үкімінің және қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы қаулысының С.-ға қатысты бөлігінің күші жойылып, оның әрекетінде қылмыс құрамының болмауына байланысты іс өндірістен қысқартылды.

**Апелляциялық сот алқасы куәлардың
жауаптарына жан-жақты толық және объективті
түрде баға бермей, істі тек қорғану тарабы келтірген
дәйектерге ғана негіздеп, біржақты тұжырым жасаған**

қаулы № 1к-12-14

(үзінді)

Темір аудандық сотының 2013 жылғы 19 қыркүйектегі үкімімен:

Ш., бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 24-бабының 3-бөлігімен, 120-бабының 1-бөлігімен 3 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 145-бабының 2-бөлігімен 1 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58-бабының 2-бөлігіне сәйкес, қылмыстардың жиынтығы бойынша қатаңдығы жеңілірек жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру жолымен түпкiлiктi жаза 3 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

ҚР ҚК-нің 63-бабы қолданылып, Ш.-ға тағайындалған жазаны шартты деп санап, 2 жыл сынақ мерзімі белгіленген.

Ш.-дан жәбірленуші Н.-ның пайдасына 50 000 теңге моральдық зиян және 200 000 теңге өкілдікке шыққан шығыны өндірілген.

Ш.-дан мемлекет пайдасына 366 30 теңге 75 тиын сараптамаға жұмсалған іс жүргізу шығыны және 866 теңеге мемлекеттік баж өндірілген.

Дәлелдеме заттардың тағдыры шешілген.

Сот үкімі бойынша Ш. 2013 жылғы 21 сәуірде сағат 04.00 шамасында, яғни түнгі уақытта Б. ауданы Қ. ауылында тұратын Н.-ның жалдап тұрып



жатқан үйінің ауызғы бөлмесінің терезесін сындырып, оның еркінен тыс үйіне басып кірген.

Одан соң сол күні сағат 04.00 шамасында, осы үйдің бөлмесінде ұйықтап жатқан Н.-ның қолын қайырып, үстіне жатып алып тұрғызбай күш қолданып, оның іш киімі-трусин жыртып, оны еркінен тыс зорлап, жыныстық қатынас жасамақ болған кезде, жәбірленуші қатты қарсылық көрсетіп, қабырғалас көршісіне «Аманкелді, Гүлдана құтқарыңдар», - деп айқайлап көмекке шақырған. Сол кезде Ш. көмекке көршілері келетінін ұғынып, өзінің жәбірленушіні тікелей зорлауға бағытталған ниетпен жасалған қылмыстық іс-әрекетін өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізе алмай, оқиға болған жерден қашып кеткені үшін кінәлі деп танылған.

Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2013 жылғы 26 қарашадағы үкімімен бірінші сатыдағы сот үкімінің күші жойылып, Ш. ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігімен, 120-бабының 1-бөлігімен, ҚК-нің 145-бабының 2-бөлігімен тағылған айыптардан, яғни оның қылмыс жасауға қатысуы дәлелденбегендіктен ақталған.

Жәбірленуші Н.-ның кассациялық шағымында, Ш.-ға қатысты апелляциялық сатыдағы сот үкімін заңсыз және негізсіз деп күшін жойып, бірінші сатыдағы соттың үкімін өзгеріссіз қалдыруды сұраған. Себебі ақтау үкімі бірінші сот сатысында анықталған мән-жайларға қарсы шығарылғанын және келтірілген тұжырымдардың істің нақты мән-жайларына сәйкес келмейтінін көрсеткен.

Кассациялық сот алқасы шағымда келтірілген дәйектерін қолдаған жәбірленуші Н.-ның, жәбірленушінің шағымын қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған ақталған Ш.-ның, оның қорғаушысы – адвокат И.-дың пікірлерін, облыс прокуроры орынбасарының апелляциялық үкімнің күшін жойып істі апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберу туралы қорытындысын тыңдап, іс материалдарын және шағымда келтірілген дәйектерді зерттеп, кассациялық шағым төмендегі негіздер бойынша қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - ҚІЖК) 24-бабында істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу, сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті екені сот назарынан тыс қалған.

«Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Жоғарғы Соттың 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының 4-тармағында, қылмыстық істі қараған кезде сот ҚІЖК-нің 128-бабына сәйкес, әрбір дәлелдеменің қатыстылығы,



жарамдылығы, нанымдылығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығын қыламыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Қыламыстық іс материалдарынан апелляциялық сатыдағы соттың аталған заңның талаптарын жеткілікті орындамағандығы көрінеді.

Атап айтқанда, жәбірленуші Н.-ның Б. аудандық ІІБ бастығынан берген арызынан, түсініктемесінен, алдын ала тергеу кезінде берген жауаптарынан бастап бірінші және апелляциялық сатыдағы сот отырыстарында жүйелі түрде біркелкі берген жауаптарында, 2013 жылдың 21 сәуірі, түнгі сағат 04.00 шамасында үйінде ұйықтап жатқан кезде, ауызғы бөлменің терезесін сындырып үйіне заңсыз кірген көршісі Ш.-ның оған күш қолданып, жыныстық қатынас жасап, зорламақшы болған кезде оған қатты қарсылық көрсетіп, қабырғалас көршісіне «Аманкелді, Гүлдана құтқарыңдар», - деп айқайлап көмекке шақырған соң ғана Ш.-ның қашып кеткенін көрсеткен. Яғни, терезені сындырып үйіне еркінен тыс кірген және өзін күш қолданып зорламақшы болған адамды киімінен ғана емес, оның түр-тұлғасы, келбетінен, даусынан өзінің күнде көріп жүрген көршісі Ш. екенін бірден танығанын нақты көрсеткен.

Куә Б. алдын ала тергеумен сотта берген жауабында, оқиға болған түні ұйықтап жатқан уақытта естілген тарсылдан оянып кеткенін, қабырғалас көршісі Н.-ның үйінен гүбірлеген, жылаған дауысты, содан соң жәбірленушінің: «Амангелді, Гүлдана, құтқарыңдар», - деп екі рет айқайлап, жарды түрткенін естіген соң қайын сіңлісі С.-ны оятып, сыртқы есікті ашып қарағанында, ауланың сыртында көршісі Н.-ның жылап тұрғанын көріп, одан не болғанын сұрағанын, соңғысының оған: «Ерлан үйге терезені бұзып кіріп, мені зорламақшы болды, қашып кетті», - деп жылап айтқанын, сол жерде ол нақты кім Ерлан екенін сұрағанында, Н. оған: «Ерлан Шандин, Гүлжазираның күйеуі, полицияда күзетші болып істейді», - деген соң, ол полицияға телефон соғып хабар бергенін, содан кейін оған атасы Е.-ның сол түні Ш.-ны көргенін айтқанын, атасының құлағы кәдімгідей еститінін және көзі жақсы көретінін айтып біркелкі нақты жауап берген.

Осындай жауапты куә С. алдын ала тергеумен сотта да толық қуаттаған.

Куә Е. сот отырысында берген жауабында, ол сотталушы Ш.-ны көршісі ретінде танитынын, бұрын-соңды араларында ешқандай ашу-араздық жоқ екенін, оқиға болған түні сағат 04.00-де ұйқыдан оянып, далаға шығып, баспағын қарап, үйге қайтып келе жатқанында 3-4 метр ара қашықтықтан көршісі Ш.-ның жәбірленуші Н.-ның үй жағынан өзінің үйіне қарай жүріп, ауласына кіріп кеткен Ш.-ны көргеніне сенімді екенін, жасы үлкен болғанымен көзі жақсы көретіндігін және түн жарық болғанын нақты көрсеткен.

Куә ретінде бірінші сатыдағы сот отырысында жауап берген Ж., баласы Ш.-ға қатысты осындай жағдай болып қалған соң, жәбірленуші Н.-дан



кешірім сұрау үшін 100 000 теңге беріп, кіші баласы мен келінін жібергенін, алайда жәбірленуші ұсынған ақшаны «арам ақша» деп алмай, беттеріне шашып жібергенін нақты көрсеткен.

Алайда, апелляциялық сот алқасы жоғарыдағы куәлардың берген жауаптарына жан-жақты толық және объективті түрде баға бермей, істі тек қорғану тарабы келтірген дәйектерге ғана негіздеп, біржақты тұжырым жасаған.

Сонымен бірге, оқиға болған күні жасақталған, іс үшін маңызы бар оқиға кезінде жәбірленушінің үстінде болған іш киімін (трусин) алу хаттамасына қарағанда, Н.-ның іш киімінің жыртылғаны анықталған.

Іс бойынша сұралған сарапшы Е.-ның жауаптарына қарағанда, жәбірленуші Н.-ның кеуде қабы (бюстгалтері) мен іш киімінің (трусигінің) дақ қалдыру және өткізу қабілеттілігі осал екені, трусигінің жыртылғаны, тігістерінің сәгілген түрде болғаны, осы себептерден жәбірленуші мен айыпталушының іш киімдерінен текстильдік микробөлшектер, талшықтардың қалмағаны, сондай-ақ, Ш.-нің сараптамаға ұсынылған киімдері тап-таза болғаны, яғни жуылғаны мүмкін екені анықталған.

Сондай-ақ 2013 жылғы 21 сәуірдегі оқиға болған жерді қарау туралы хаттамадан жәбірленуші Н.-ның үйінің ауызғы бөлмесінің терезесінің көлемі шамамен 50 x 30 см. екені, әйнектері сынған қалпында қабырғаның төменгі жағында шашылып жатқаны және қабырғаның төменгі жағында ақ түсті кірпіштің жатқаны келтірілген. Осы хаттаманы жасақтау кезінде түсірілген фотосуреттер тіркелген.

2014 жылғы 22 сәуірде оқиға болған жерде қосымша қарау хаттамасы бойынша жәбірленуші Н.-ның үйінің ауызғы бөлмесінің терезесі сынған әйнектердің жанындағы, қабырғаның төменгі жағында ракушняк тасының жатқаны, оның хаттамаға тіркелгені, фотосуреттерге түсірілгені көрінеді.

Бұдан басқа, іс материалындағы, «Қазгидромет» РМК филиалының №06-38-358 санды 2013 жылғы 18 қарашадағы анықтамасында 2013 жылдың 21 сәуірінде жергілікті уақытпен түнгі сағат 5.00-ге дейін Б. ауданы бойынша аспан ашық, бұлтсыз болғаны туралы мәліметті апелляциялық сот еш зерттемеген, яғни іс бойынша маңызы бар мәліметке ешқандай да баға бермеген.

Алайда, келтірілген осы дәлелдемелерге қатысты апелляциялық сот алқасы тиісті баға бермеген.

Мұндай жағдайда, бірінші сатыдағы соттың Ш.-ны айыпты деп тану тұжырымы тек қана жәбірленуші Н.-ның жауабына ғана негізделген, басқа дәлелдемелермен қуатталмайды деген апелляциялық соттың тұжырымын кассациялық сот алқасы негізсіз деп есептейді, өйткені мұндай тұжырым іс материалдарымен қуатталмайды.

Бұдан басқа, «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Жоғарғы Соттың 2006 жылғы 20 сәуірдегі



№4 нормативтік қаулысының 8-тармағында «сот тараптар ұсынған дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті зерттеуге және оларды заңға сәйкес бағалауға міндетті», - деп көрсетілген.

Сондай-ақ, осы Нормативтік қаулының 12-тармағында, істі ҚДЖК-нің 363-бабында көзделген қысқартылған тәртіпте қарау жағдайларын қоспағанда, егер соттың үкімі сотталушы мен жәбірленушінің талданбаған, ақиқаты салыстырылмаған және басқа дәлелдемелермен: куәлардың айғақтарымен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен, сарапшылардың қорытындыларымен, заттай дәлелдемелермен және өзге де құжаттармен расталмаған айғақтарының негізінде ғана шығарылса, оны заңды деп тануға болмайтыны көрсетілген.

Апелляциялық үкіммен, қылмыстық іс материалдарынан апелляциялық сатыдағы соттың аталған заңның және нормативтік қаулының талаптарын жеткілікті түрде орындамағандығы көрінеді.

Керісінше, апелляциялық сот өзінің ақтау үкімінде, ірі денелі Ш.-ның 30 x 50 см болатын, жерден әлдеқайда биіктікте орналасқан, айналасында сынған әйнектері қалған терезеден денесін жарақаттамастан үйдің ішіне кіруі мүмкін емес деген біржақты, алдын ала кесімді тұжырым жасаған. Айыптау тарабы ұсынған және іс материалындағы дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті зерттеуге және оларды заңға сәйкес бағалауға міндеттілігін орындамаған.

Яғни, ҚДЖК-нің 359 және 360-баптарына сәйкес, тараптардың қатысуымен іс болған орынды және үй-жайды, қажет болғанда куәлардың, сарапшының, маманның қатысуымен жүргізуге, сондай-ақ, тану, айғақтарды тұрған жерінде тексеру мен нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу үшін көрсету мүмкіндігін ешқандай пайдаланбаған.

Істің мұндай жағдайында кассациялық сот алқасы, Ш.-ға қатысты апелляциялық сот үкімінің күші жойылып, қылмыстық іс жаңадан апелляциялық сот алқасының қарауына жолдануы қажет деп табады. Жаңадан сот қарауы барысында іс бойынша жинақталған барлық дәлелдемелерді заң талаптарына сәйкес, жан-жақты зерттеп, істің мән-жайын анықтауға қажетті дәлелдемелерді объективті, толық және жан-жақты тексеріп, жоғарыда аталған кемшіліктер мен олқылықтардың орнын толтырып, нәтижелеріне қарай іс бойынша объективті, заңды да негізді шешім қабылдауы қажет.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде Ш.-ға қатысты Ақтөбе облыстық соты қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының қаулысының күші жойылып, облыстық соттың апелляциялық сот алқасына басқа құрамда жаңадан қарау үшін жолданды.



**Абайсызда кісі өліміне әкеп соққан
қылмыстық оқиғаны төменгі сатыдағы
соттар абайсызда кісі өліміне әкеп соққан қасақана
ауыр дене жарақатын салған деп қате тұжырымға келген**

қаулы № 1к-50-14

(үзінді)

Арал аудандық сотының 2011 жылғы 14 желтоқсандағы үкімімен:

С., бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 103-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 6 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға, жазаны тәрбиелеу колониясының жалпы режимінде өтеуге белгіленген.

Қызылорда облыстық соты қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Кәмелетке толмаған С.-ның заңды өкілі К.-ның кассациялық сот алқасына берген шағымында сот үкімі біржақты жүргізіліп, бұрмаланған дәлелдемелерді негізге алғанын, ҚДЖК-нің 24-бабының талабы бұзылып, сот-дәрігерлік сараптама қорытындысын назарға алмағанын, кәмелетке толмаған С.-ның төбелес барысында А.-ны ажыратуға барған кезде оны қолымен ұрмағанын, оның кінәсі жоқтығын айтып, сондықтан 2011 жылғы 14 желтоқсандағы сот үкімінің күшін жойып, оның әрекетін ҚК-нің 111-бабының 1-бөлігіне қайта дәрежелеп, ҚК-нің 15-бабының 1-бөлігіне сәйкес, 16 жасқа толмауына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатып, істі қысқартуды сұраған.

Кассациялық сот алқасы қорғаушы К.-ның кассациялық шағымды қолдаған пікірін және жәбірленушінің заңды өкілінің қорғаушысы И.-дың сот актілерін күшінде қалдыру жөніндегі пікірін және прокурордың екі сатыдағы сот актілерінің күшінде қалдыруға жатады деген қорытындысын тыңдап, кассациялық шағымда көрсетілген уәждерді зерттеп, оларды жан-жақты талқылап, заңды тұрғысынан баға беріп, іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді зерттеп, төмендегі аталған негіздерге байланысты бірінші сатыдағы соттың үкімін және апелляциялық сот алқасының қаулысының күшін жойып, кәмелетке толмаған С.-ның ҚР ҚК-нің 103-бабының 3-бөлігімен дәрежеленген әрекеті ҚР ҚК-нің 101-бабының 1-бөлігіне қайта дәрежеленіп, ҚР ҚК-нің 15-бабының 1-бөлігіне сәйкес, кәмелетке толмаған С.-ның қылмыс әрекетін жасаған сәтте 16 жасқа толмауына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатуға, қылмыстық істі өндірістен қысқартуға, кәмелетке толмаған С.-ның заңды өкілі К. кассациялық шағымы қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.



ҚР ҚДЖК-нің 446-2-бабында «Кассациялық сатыдағы сот үкімді (қаулыны) шығарған соттың және қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларын сақтауын тексереді және соның негізінде үкімнің (қаулының) заңдылығын, негізділігін және әділеттілігін тексереді», - деп көрсетілген.

ҚР ҚК-нің 20-бабы бойынша қасақана жасалатын қылмыс тікелей немесе жанама ниетпен жасалады.

Адам қасақана қылмыс әрекетін жасау сәтінде, өз іс-әрекетінің қоғамға қауіп туғызатынын ұғынып, қауіпті зардаптарының болатынын алдын ала біліп, соны тілеу керек.

Кәмелетке толмаған С. оқиға болған сәтте өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті екенін ұғынбаған, қауіпті зардаптардың болатынын алдын ала білмеген, қылмыс әрекетін тікелей ниетпен жасамаған, зардаптардың болуын тілемеген.

Сондықтан іс бойынша жинақталған дәлелдемелер мен куәлардың жауаптарының негізінде дәлелін тапқан жоқ.

Кассациялық сот алқасы іс бойынша жинақталған дәлелдемелер мен куәлардың жауаптарын зерттеп, оған заңдылық тұрғыдан баға беріп, төмендегі дәлелдемелерге байланысты кәмелетке толмаған С.-ның әрекетінде абайсызда кісі өлтіру әрекеті бар деп тапты.

ҚР ҚК-нің 21-бабының талабы бойынша немқұрайлықпен жасалған әрекет абайсызда жасалған қылмыс деп танылады.

Осы аталған бапта, егер адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда, ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс немқұрайлықпен жасалған қылмыс болып саналатындығы тұжырымдалған.

Кәмелетке толмаған С. алдын ала тергеуде және сотта біртектес жауаптар берген, яғни әжетхананың қасында ұстасып, теріс қылық жасап жатқан марқұм кәмелетке толмаған А.-ны ажырату барысында оның қолын марқұм қағып жібергенін, содан соң марқұмның теріс қылық әрекетін тыю үшін екі қолымен иығынан ұстап кейін күштеп тартқан сәтінде, ол өзінің оң аяқ тізесіне шалынып, сол жағымен жерге құлаған. Осы мезгілде өзі де оның үстіне бірге құлаған, алайда оның марқұмға ауыр дене жарақатын салу ойы болмағандығын айтқан.

Істегі сот-медициналық сараптама орталығының берген қорытындысында жасөспірім А.-ның мәйітіндегі дене жарақаттар қол жұдырығымен ұрған, аяқпен тепкеннен алынған жарақаттарға тән емес, жерге құлап сол жақ шекесі жерге, асфальтқа т.б. сондай қатты доғал затқа соққаннан немесе біреумен күрескенде, сондай-ақ қандай бір затқа соғылғанынан алынуы мүмкін екендігі көрсетілген.



Сонымен қатар, оның мәйітіндегі дене жарақаттар өзін-өзі қорғану салдарынан туындаған жарақаттарға тән еместігі сипатталған.

Сондықтан марқұмға келтірілген ауыр дәрежедегі бас ми жарақаты және жеңіл жарақаттары нақты жерге құлағаннан, яғни сол жақ шекесі жерге, асфальтқа т.б. сондай қатты доғал затқа соғылғаннан болғандығы бекітілген.

Жаға ұстасып, теріс қылық көрсетіп жатқан марқұм А. кәмелетке толмаған С.-ның ажырату әрекетіне көнбеген.

Сотталған С.-ның кәмелетке толмаған А.-ның теріс қылық әрекетін тыю мақсатында иығынан күштеп тартқан әрекетінен, оның жерге құлап, оның үстіне өз екпінімен қоса құлайтынын, марқұмның басының сол жақ шекесі жерге немесе қатты доғал затқа соғылатынын, оның өмірі мен денсаулығына қауіпті ауыр зиян келтіріп, соның салдарынан абайсызда кісі өліміне соқтыратын қоғамдық қауіпті зардаптың болуы мүмкін екенін алдын ала болжап біле алмағандығы іс бойынша зерттелген, тексерілген дәлелдемелердің жиынтығы бойынша бекиді.

Сарапшы куә Ж. сот отырысында жүргізілген эксперимент бойынша, марқұмды тартып сол жақ жағымен құлату механизмінен, оның өліміне себеп болған ауыр жарақатты алуы мүмкін екенін жоққа шығармаған.

Сараптама қорытындысы бойынша марқұм кәмелетке толмаған А.-ға келтірілген өмірі мен денсаулығына қауіпті мүшесі бас тұсындағы ауыр дәрежедегі бас ми жарақаты мен жеңіл жарақаттар қол жұдырығымен ұрған немесе аяқ тепкісінің салдарынан болмағандығы бекітілген.

Алайда, бірінші сатыдағы сот дәлелдемелер жиынтығына заңды тұрғыда баға бермей, өз үкімінің сипаттау бөлігінде, негізсіз сараптама қорытындысына қарама-қайшы тұжырым жасап, марқұмға өмірі мен денсаулығына қауіпті мүшесі бас тұсындағы ауыр дәрежедегі бас ми жарақаты мен жеңіл жарақаттар қол жұдырықтарымен бірнеше рет ұрып, соқы келтірілген деп негізсіз айыптаған.

Істегі куәлар мен сараптама қорытындыларымен, басқа да дәлелдемелердің жиынтығы, бірінші және екінші сатыдағы соттармен зерттеліп тексерілген негіздер бойынша, марқұм кәмелетке толмағандар А. мен А.-ның өзара келіспей сөзге келіп, әжетхана жаққа барып, жаға ұстасып теріс қылық жасағандары, кәмелетке толмаған С. марқұмның теріс қылық әрекетін тыю мақсатында оның қасына жүгіріп барғаны, оның оларды ажырату әрекетіне көнбегені дәлелденіп бекітілген.

Кәмелетке толмаған С.-ның алдын ала тергеу кезінде де және сот мәжілісінде берген біртектес жауаптары қуатталады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен ҚР ҚДЖК-нің 19-бабында, айыпталушының кінәлілігіне сейілмеген күдік оның пайдасына түсіндіріледі және оның пайдасына шешілуге тиіс деп атап көрсетілген.



Аталған заң талаптарында айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол ақиқат дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиістілігі көрсетілген.

Бірінші және екінші сатыдағы сот қаулылары бойынша кәмелетке толмаған С.-ның күрес тәсілін қолдану жөніндегі тағылған айып, жеткіліксіз ақиқат дәлелдемелер жиынтығымен және болжамдарға негізделген деп есептейді.

Іс бойынша бұрын кәмелетке толмаған С. күреспен айналысқаны, жарысқа қатысып жеткен спорттық жетістіктері немесе күрес разряды бойынша мәліметтері бар дәлелдемелер тіркелмеген және анықталмаған.

Кассациялық сот алқасы іс бойынша жинақталған дәлелдемелер жиынтықтарын зерттеп, жан-жақты тексеріп, кәмелетке толмаған С.-ның марқұмға қарсы күрес тәсілін қолдануы күмәнді және өз дәлелін тапқан жоқ деген қорытындығы келді.

Куәлар кәмелетке толмаған А. мен И. марқұмның қалай құлағанын көрмеген. Тек олар оның оң қапталымен есінен танып жерде жатқанын көрген.

Куәгерлердің қатысуымен толтырылған оқиға болған жерді тексеру және нақтылау хаттамаларында Ә. мен И.-дың жауабы қутталып бекітілген.

Бірінші және екінші сатыдағы соттармен кәмелетке толмаған С.-ның қылмыстық әрекеті бойынша іске жинақталған дәлелдемелер тиісті түрде зерттеліп, заңдылық бағасы берілмеген.

Сол себепті кәмелетке толмаған С.-ның қылмыстық әрекеті дұрыс сараланбай, негізсіз ауыр айыппен кінәлі деп танылып, айыпталған.

Бірінші және екінші сатыдағы соттар кәмелетке толмаған С.-ның әрекетінде абайсызда кісі өлтіру қылмыс әрекеті бар екенін назарға алмаған.

2011 жылығы 12 қыркүйектегі оқиға болған жерді тексеру туралы хаттамасы бойынша оқиға әжетханадан 15-20 метр жерде айналасы құм төселген жерде болған.

Оқиға болған жердегі асфальт бетіне жұғып қалған марқұмның қою, ағып жұққан қаны табылмаған.

2011 жылығы 12 қыркүйектегі оқиға болған жерді тексеру туралы хаттамасында, асфальт бетіндегі майда тастарға шашыраған қанға ұқсас дақтар және 30 метр жерде салмағы 430 грамм, көлемі 11 см x 6 см x 3 см болатын жұмыр тас бетіне анти-А изогемагглютині бар В/111/ тобына жататын марқұм кәмелетке толмаған А.-ның қаны қоюланып, жұққаны анықталып бекітілген.

Бірінші және екінші сатыдағы соттар асфальт бетінен марқұмның қоюланып жұққан қаны болмағанын, яғни жұмыр тасқа марқұмның қанының қоюланып жұғу себебін анықтап зерттемеген.



ҚР ҚК-нің 19-бабының талабында, адам қоғамдық қауіпті әрекетінен пайда болған нақты қоғамдық зардаптары үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылу керектігі мазмұндалған.

Кассациялық алқа кәмелетке толмаған С. оқиға болған кезде, өз іс-әрекетінің қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін алдын ала болжап білмей, қылмысты немқұрайлық тұрғыда жасаған деген тұжырымға келді.

№1739 сот-трассалогиялық сараптама қорытындысы бойынша, күш түсірілгендіктен, оқиға кезінде марқұм кәмелетке толмаған А.-ның үстінде болған пиджагінің оң жақ иық тігісі төмен қарай 201 мм, тігісі бойынша 200 мм жіптері үзіліп сөгілген.

Жоғарыда зерттелген және тексерілген дәлелдемелер жиынтығы бойынша кәмелетке толмаған С. әжетханаға жаққа барып, жаға ұстасып, теріс қылық жасап жатқан марқұмды ажырату кезінде, немқұрайлық танытып, марқұм кәмелетке толмаған А.-ны күштеп тартып қалу салдарынан, марқұм сол жақ шекесімен жерге құлап жердегі қатты доғал затқа соғылғаны, соның салдарынан абайсызда өлгендігі туралы мән-жайлар өз дәлелін тапты.

Сондықтан, жоғарыдағы кассациялық алқамен зерттеліп, дәлелін тапқан дәлелдемелер жиынтығының негізінде, кәмелетке толмаған С.-ның ҚР ҚК-нің 103-бабының 3-бөлігімен дәрежеленген қылмыс әрекетін, ҚР ҚК-нің 101-бабының 1-бөлігіне қайта дәрежеленуге жатады деп есептейді.

Кәмелетке толмаған С. 1996 жылы 01 маусымда туған. Қылмыс оқиғасы 2011 жылы 12 қыркүйекте болған, яғни ол қылмыс әрекетін жасаған сәтте 16 жасқа толмаған.

ҚР ҚК-нің 15-бабының 1-бөлігінің талабы бойынша, ҚР ҚК-нің 101-бабының 1-бөлігіндегі қылмыс әрекеті бойынша қылмыстық жауаптылық 16 жастан басталады.

ҚР ҚІЖК-нің 37-бабының 4-1-бөлігінде, әрекет жасаған сәтте заңға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкін болатын жасқа толмаған адамға қатысты қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы не қылмыстық істі тоқтату туралы шешім осы баптың бірінші бөлігінің 2-тармағында аталған негіз бойынша қабылдануға тиістілігі аталып, көрсетілген.

Арал аудандық сотының 2011 жылғы 14 қыркүйектегі үкімі бойынша кәмелетке толмаған С. бас бостандығынан айыру жазасын тәрбиелеу колониясының жалпы режимінде өтеп жатыр.

Сондықтан облыстық соттың кәмелетке толмаған С. жөніндегі Арал аудандық сотының үкімі мен апелляциялық сот алқасының қаулысының күшін жойып, кәмелетке толмаған С. абайсызда адам өлтіру қылмыс әрекетін жасаған кезде, 16 жасқа толмауына байланысты оны қылмыстық жауаптылықтан босатып, қылмыстық істі өндірістен қысқартқан.

**В областных и приравненных к ним судах****Само по себе предложение взрослого лица
несовершеннолетнему совершить преступление без оказания на
него психического либо физического воздействия нельзя
расценивать как вовлечение несовершеннолетнего в
преступную деятельность**

постановление № 1 к-384-13

(извлечение)

Приговором Специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних Карагандинской области от 19 июня 2013 года:

Из материалов дела видно, что судебным исполнителем арест на залоговое имущество должника не налагался.

Фактически Банк оспаривает постановление следователя Департамента о наложении ареста на залоговое имущество в процедурах расследования уголовного дела.

Такое заявление подлежит рассмотрению в порядке, установленном нормами УПК для обжалования решений должностных лиц органов уголовного преследования.



Другой пример, Т. обратилась в суд с иском к прокуратуре Ауэзовского района города Алматы, ДВД города Алматы об освобождении имущества от ареста и обязанности ответчиков возвратить правоустанавливающие документы на квартиру, мотивируя тем, что арест наложен в рамках уголовного дела, по которому она не является подозреваемой, а само уголовное дело приостановлено за отсутствием лица, подлежащего привлечению в качестве обвиняемого.

Определением райсуда №2 Ауэзовского района города Алматы производство по делу прекращено на основании подпункта 1) статьи 247 ГПК ввиду следующего.

Арест на имущество и приобщение правоустанавливающих документов на квартиру к материалам дела были произведены в рамках расследования уголовного дела, которое находится на стадии предварительного расследования, в связи с чем данное процессуальное действие подлежит обжалованию в порядке, предусмотренном УПК и не подлежит разрешению в порядке гражданского судопроизводства.

Судом апелляционной инстанции на основании пунктов 2, 3 Нормативного постановления «О судебной практике по делам об освобождении имущества от ареста» данное определение суда отменено с направлением дела на новое рассмотрение, в связи с тем, что судом первой инстанции необоснованно прекращено производство по делу, которое подлежит рассмотрению в порядке гражданского судопроизводства.

Обобщение показало, что в соответствии с требованиями Нормативного постановления суды в большинстве случаев принимают и рассматривают иски о освобождении имущества от ареста, наложенного в порядке уголовного производства.

Вместе с тем, учитывая все обстоятельства дела, суды принимают решения в зависимости от обстоятельств, то есть иски о освобождении имущества удовлетворяются и имущество освобождается от ареста лишь в исключительных случаях, когда производство по уголовным делам приостановлено в течение длительного времени, утеряно уголовное дело, подлежащее освобождению от ареста имущество принадлежит потерпевшему или другим лицам, имущество не может быть конфисковано или на него не может быть обращено взыскание.

В ходе обобщения была изучена практика рассмотрения материалов в порядке статьи 109 УПК по обжалованию действий следователя о наложении ареста на имущество.

Анализ показал, что в 2013 году судами республики рассмотрено по существу всего 20 жалоб на действия следователя, из них по 4 делам действия следователя о наложении ареста были признаны незаконными и арест снят. При этом суды, в основном, указывают, что уголовное дело приостановлено,



арест наложен законно, поскольку уголовное дело производством не окончено, в связи с чем, оснований для освобождения имущества от ареста не имеется.

Принимая во внимание, что по таким делам потерпевшие или третьи лица, на имущество которых наложен арест, в течение длительного времени лишены возможности распоряжаться своим имуществом, полагаем, что судами в порядке гражданского судопроизводства могут быть рассмотрены иски об освобождении имущества от ареста, наложенного органами уголовного преследования.

В то же время судам следует при рассмотрении таких дел тщательно выяснять все обстоятельства по делу, учитывая, что по некоторым делам заинтересованные лица обращаются в суд с иском об освобождении от ареста имущества, добытого преступным путем, либо арест наложен в целях обеспечения исполнения приговора в части гражданского иска, других имущественных взысканий или возможной конфискации имущества.

На практике нередко случаи, когда судебные исполнители при исполнении приговоров в части конфискации имущества накладывают арест на единственное жилье осужденного, в котором постоянно проживают члены его семьи. В соответствии с требованиями части третьей статьи 51 УК не подлежит конфискации имущество, необходимое осужденному или лицам, находящимся на его иждивении, согласно перечню, предусмотренному уголовно-исполнительным законодательством.

Согласно данному перечню конфискации не подлежат следующие, необходимые для осужденного и лиц, находящихся на его иждивении, виды имущества и предметы, принадлежащие ему на праве частной собственности или являющиеся его долей в общей собственности: жилой дом, квартира или отдельные их части, если осужденный и его семья постоянно в них проживают.

В случаях исполнения ареста, связанного с конфискацией имущества, суду следует выяснять, изъято ли это имущество и где оно находится, поскольку указанное обстоятельство впоследствии может влиять на возможность возврата имущества в натуре.

В этих случаях иски об освобождении имущества от ареста предъявляются к должнику и взыскателю, а если арест наложен в связи с конфискацией имущества, в качестве ответчиков привлекается осужденный и соответствующий финансовый орган.

В то же время суды не вправе отказывать в приеме исковых заявлений или прекращать производство по делам об освобождении имущества от ареста на том основании, что уголовное дело, в связи с которым на имущество был наложен арест, окончательно не разрешено. Такие исковые заявления подлежат принятию судами к производству и могут



быть рассмотрены по существу независимо от разрешения уголовного дела. До разрешения уголовного дела производство по делу может быть приостановлено в соответствии с подпунктом 4) статьи 242 ГПК.

Не подлежат конфискации по приговору суда жилой дом, квартира или отдельные их части, если осужденный и его семья постоянно в них проживают.

А., Ж. и др. обратились в суд с иском к Департаменту по борьбе с экономической и коррупционной преступностью (финансовая полиция) по Жамбылской области об освобождении имущества от ареста, мотивируя тем, что постановлением следственного управления ДБЭКП от 12 марта 2012 года был наложен арест на квартиру, принадлежащую истцам на праве общей долевой собственности. Арест наложен в рамках уголовного дела в отношении Ж., по которому вынесен приговор, вступивший в законную силу.

Решением Таразского городского суда исковые требования истцов удовлетворены частично: доли А. и др. в квартире освобождены от ареста. В части исковых требований об освобождении от ареста доли Ж. в квартире отказано.

Постановлением апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам Жамбылского областного суда решение суда первой инстанции изменено, в части отказа в иске Ж. отменено и принято новое решение об удовлетворении иска по следующим основаниям.

Судом установлено, что квартира принадлежит истцам на праве общей долевой собственности. Суд первой инстанции, отказывая в иске в части освобождения от ареста доли Ж. неправильно пришел к выводу, что назначенное приговором суда от 28 мая 2012 года наказание Ж. предусматривает дополнительное наказание в виде конфискации имущества и поэтому оно не может быть освобождено от ареста.

Вместе с тем, в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 УИК и Приложения к УИК не подлежат конфискации по приговору суда жилой дом, квартира или отдельные их части, если осужденный и его семья постоянно в них проживают. Согласно справке о составе семьи и месте жительства от 29 октября 2012 года, выданной ТОО «Т.» и акта от 29 октября 2012 года истец А. с членами семьи проживает в указанной квартире. Следовательно, доля Ж. в данной квартире не подлежит конфискации и подлежит освобождению от ареста.

По другому делу апелляционной коллегией изменено решение Таразского городского суда от 19 марта 2013 года по иску Ш. к Департаменту по борьбе с экономической и коррупционной преступностью по Жамбылской области об отмене постановления о наложении ареста и освобождении от ареста лицевого счета и земельного участка.



В обоснование иска истец указал, что в рамках уголовного дела был наложен арест на лицевой счет в банке и земельный участок. Впоследствии постановлением апелляционной инстанции изменен приговор суда в отношении Ш., к нему применена статья 63 УК и назначено наказание условно с испытательным сроком на 2 года, а также исключено дополнительное наказание в виде конфискации имущества. Решением суда иск был удовлетворен, постановление следователя о наложении ареста от 26 марта 2012 года было отменено и имущество освобождено от ареста.

Коллегией позиция суда первой инстанции признана несоответствующей положениям закона и обстоятельствам, имеющим значение для дела.

Согласно части четырнадцатой статьи 161 УПК наложение ареста на имущество отменяется постановлением лица или органа, в производстве которого находится дело, когда в этой мере отпадает необходимость. В данном случае суд неправильно пришел к выводу о незаконности постановления о наложении ареста, поскольку арест был наложен законно в целях возможной конфискации имущества. Кроме того, по делу отсутствуют сведения об обращении истца в орган уголовного преследования или суд с требованием о снятии ареста. В этой связи, апелляционной коллегией исковые требования в части отмены постановления о наложении ареста признаны необоснованными и в иске отказано.

Указанные выводы апелляционной инстанции представляются правильными.

Рассмотрение дел, связанных со снятием ограничений, наложенных налоговыми органами

За обобщаемый период наряду с исками об освобождении имущества от ареста предъявлялись иски о снятии ограничений, наложенных налоговыми органами на граждан или юридических лиц, имеющих налоговую задолженность.

Изучение показало, имеет место разная практика рассмотрения таких исков.

Н. обратилась в суд с иском к Налоговому управлению по городу Костанаяу об освобождении имущества от ареста мотивируя тем, что 19 апреля 2011 года ответчиком вынесено решение об ограничении распоряжения имуществом ТОО «К.». Судебный исполнитель 28 марта 2012 года на основании исполнительного производства вынес разрешение должнику ТОО «К» на реализацию арестованного имущества транспортной техники. Между истцом и ТОО «К» заключен договор



купли-продажи полуприцепа марки WL Td на сумму 1 074 117 тенге. Судебным исполнителем 29 марта 2012 года ранее наложенный арест снят, истица обратилась в органы дорожной полиции за регистрацией, однако ей было отказано в связи с имеющимся ограничением органов налоговой службы.

Решением Костанайского городского суда иск удовлетворен. При вынесении решения суд сослался на часть вторую статьи 240-6 ГПК и пункт 2 Нормативного постановления «О судебной практике по делам об освобождении имущества от ареста», и, по мнению суда, вынесенное налоговым органом ограничение является препятствием для истца для осуществления своих прав в части распоряжения своим имуществом.

Постановлением суда апелляционной инстанции решение по данному делу отменено с вынесением нового решения об отказе в удовлетворении иска ввиду следующего.

Суд указал, что неправильно применены нормы материального и процессуального права, подменены понятия «освобождение имущества от ареста» и «ограничение в распоряжении имуществом». В сложившихся спорных правоотношениях статья 240-6 ГПК не применима.

Вышеназванные нормы предусматривают возможность освобождения ареста от имущества, однако, ограничение в распоряжение имуществом налоговым органом таковым не является, ограничение в распоряжении имуществом является способом обеспечения исполнения, не выполненного в срок налогового обязательства, при этом, порядок вынесения решения об ограничении и его отмены регламентирован статьей 613 НК.

В соответствии с пунктом 4 статьи 1 ГК к имущественным отношениям, основанным на административном или ином властном подчинении одной стороны другой, в том числе к налоговым и другим бюджетным отношениям, гражданское законодательство не применяется, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами.

Таким образом, апелляционная коллегия пришла к выводу, что у суда первой инстанции не имелось правовых оснований для удовлетворения иска.

По другому делу принято прямо противоположное решение.

Я. обратился в суд с иском к ГУ «Налоговый департамент по Северо-Казахстанской области» и ТОО «С» об обязывании снять ограничение с автомашины марки «Volvo 670», которую он купил 25 января 2012 года с аукциона по реализации арестованного имущества указанного ТОО с заключением договора купли-продажи от 6 февраля 2012 года. Зарегистрировать автомобиль в Управлении дорожной полиции препятствует ограничение на автомобиль, наложенный ГУ



«Налоговый департамент по Северо-Казахстанской области» за налоговую задолженность ТОО.

Решением суда №2 города Петропавловска, оставленным без изменения судами апелляционной и кассационной инстанций, иск удовлетворен.

Суды, удовлетворяя иск Я. пришли к выводу о том, что право собственности гражданина есть признаваемое и охраняемое законодательными актами право субъекта по своему усмотрению владеть, пользоваться и распоряжаться принадлежащим ему имуществом, в связи с чем требования истца об освобождении имущества от ареста, являются правильными, поскольку он на основании договора купли-продажи от 6 февраля 2012 года является владельцем автотранспортного средства.

Судьи надзорной коллегии Верховного Суда, предварительно рассмотрев с истребованием дела ходатайство ГУ «Налоговый департамент по Северо-Казахстанской области», отказали в возбуждении надзорного производства по пересмотру судебных актов по данному делу.

Указанные выводы представляются правильными. Полагаем, что исковые требования об освобождении от обременения, наложенного налоговым органом, могут быть рассмотрены в порядке гражданского судопроизводства.



**Надзорная судебная коллегия
по гражданским и административным делам
Верховного Суда Республики Казахстан**

**Отдел анализа и планирования
Департамента по обеспечению деятельности
судов при Верховном Суде Республики
Казахстан (аппарата Верховного
Суда Республики Казахстан)**



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ СОТТАРЫНДА 2013 ЖЫЛЫ ҚАРАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН-ШАРТТЫ ТҮРДЕ БОСАТУ ЖӘНЕ ЖАЗАНЫҢ ӨТЕЛМЕГЕН БӨЛІГІН ЖАЗАНЫҢ НЕҒҰРЛЫМ ЖЕҢІЛ ТҮРІНЕ АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ СОТ ТӘЖІРИБЕСІ

Талдау Алматы облыстық сотының 2014 жылдың 1-жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді. Ол Алматы облысының соттарынан келіп түскен қылмыстық істерге негізделді.

2013 жылы облыс соттары барлығы жазаны өтеуден мерзімінен бұрын - шартты түрде босату туралы 1 492 материалды, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруға байланысты - 145, Қапшағай қалалық соты - 141, Іле аудандық соты - 4 материал қараған.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босату жөніндегі статистикалық көрсеткіштің кестесі

№	Соттардың атауы	ұсыныстар	қараусыз қалдырылған		онша ауыр емес қылмыстар		ауырлығы орташа қылмыстар		ауыр қылмыстар		аса ауыр қылмыстар	
			қанағаттандырылған	қанағаттандырусыз қалдырылған	қанағаттандырылған	қанағаттандырусыз қалдырылған	қанағаттандырылған	қанағаттандырусыз қалдырылған	қанағаттандырылған	қанағаттандырусыз қалдырылған	қанағаттандырылған	қанағаттандырусыз қалдырылған
1	Ақсу аудандық соты	11	-	-	-	10	1	-	-	-	-	-
2	Алакөл аудандық соты	6	-	-	-	5	-	1	-	-	-	-
3	Балқаш қалалық соты	2	-	-	-	2	-	-	-	-	-	-
4	Еңбекшіқазақ аудандық соты	21	-	1	-	10	-	10	-	-	-	-
5	Ескелді аудандық соты	10	-	-	1	2	-	7	-	-	-	-
6	Жамбыл аудандық соты	29	-	2	1	4	2	18	2	-	-	-
7	Іле аудандық соты	356	-	-	-	6	-	99	140	57	54	-
8	Қапшағай қалалық соты	869	3	1	1	10	12	261	369	46	166	-
9	Қарасай аудандық соты	21	-	2	-	5	2	9	2	1	-	-
10	Қаратал аудандық соты	7	-	1	-	2	-	2	1	1	-	-
11	Кербұлақ аудандық соты	6	-	-	-	1	2	-	3	-	-	-
12	Көксу аудандық соты	7	-	2	-	-	1	4	-	-	-	-



13	Панфилов аудандық соты	9	-	-	7	-	2	-	-	-	
14	Сарқан аудандық соты	31	-	9	-	9	-	13	-	-	
15	№2 Алакөл аудандық соты	2	-	-	-	1	-	-	1	-	
16	№2 Еңбекшіқазақ аудандық соты	9	-	-	-	2	-	7	-	-	
17	№2 Кербұлақ аудандық соты	4	-	-	1	2	1	-	-	-	
18	Талғар аудандық соты	43	-	8	1	11	2	22	-	-	
19	Талдықорған қалалық соты	40	-	4	1	10	3	14	8	-	
20	Текелі қалалық соты	7	-	2	-	1	-	3	1	-	
21	Ұйғыр аудандық соты	2	-	-	-	2	-	-	-	-	
	Барлығы:	1492	3	32	6	102	26	472	527	105	220

Кестені қорытындылайтын болсақ, 2013 жылы облыс бойынша барлығы 1492 ұсыныс қаралған, соның ішінде онша ауыр емес қылмыстар бойынша 37 ұсыныс түсіп, оның 31-і немесе 2,1 %, орташа ауырлықтағы қылмыстар бойынша 128 ұсыныс түсіп, оның 102-сі немесе 6,9 %, ауыр қылмыстар бойынша 999 ұсыныс түсіп, оның 472-сі немесе 31,7 %, аса ауыр қылмыстар бойынша 325 ұсыныс түсіп, оның 105-і немесе 7,1 % қанағаттандырылған. Жалпы алғанда, 1492 ұсыныстың ішінде 716-сы немесе 48% қанағаттандырылған.

Тағайындалған жазадан мерзімінен бұрын - шартты түрде босатуды екі топқа бөліп қарауға болады: біріншісі - жаза өтеу орындарынан босатығандар, екіншісі - жазаның балама түрі бас бостандығын шектеу жазасын тағайындап, сотталғандарды босату.

Талдау қорытындысы бойынша аудандық және оған теңестірілген соттардың материалдарын қарау барысында заң талаптары біркелкі қолданылмағаны, соның нәтижесінде әртүрлі сот тәжірибесінің қалыптасқаны байқалады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «ең қымбат қазына - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - деп жарияланған. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мемлекет арқылы қорғалады. Қазақстан Республикасы Конституциясының II бөлімі осы мәселеге арналған. Осыған орай, Қазақстан Республикасындағы барлық құқық салалары адамды қорғауды өзінің міндеті деп санайды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-бабында адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау ең басты міндет ретінде көрініс тапқан.



Құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі ізгілендіру, сотталғандарды қоғамға қайтадан интеграциялау және әлеуметтендіру, сондай-ақ жазалау мекемелеріндегі осындай адамдарға қатысты оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық шаралардың қолданылуын кеңейту қарастырылған.

Қылмыстық заңнамаға сәйкес, сот түзеу жұмыстарын, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу, тәртіптік әскери бөлімде ұстау немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам өзінің түзелуі үшін сот тағайындаған жазаны толық өтеуді қажет етпейді деп таныса, ол мерзімінен бұрын - шартты түрде босатылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабы 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген және сот тағайындаған жазаны толық өтеуді қажет етпейтін адамды сот құқық бұзбайтын мінез-құлқы, еңбекке адал қарағаны, дербес ұйымдардың жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны, қылмысымен келтірген залалын өтеу жөнінде шаралар қолданғаны үшін сот тағайындаған жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін. Сонымен қатар, осы баптың 3-тармағына сәйкес, жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату сотталған адамға: кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін, ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын, аса ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін, осы Кодекстің 120-бабы 3-бөлігінің «в, д» тармақтарында, 4-бөлігінде, 121-бабы 3-бөлігінің «в, г» тармақтарында, 4-бөлігінде көзделген қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін, ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың, трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың немесе тұрақты қарулы топтың құрамында жасалған қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін ғана қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚІЖ) 455-бабының талабына сай, жазаны өтеуден мерзімінен бұрын - шартты түрде босату туралы материалдарды қарамастан, бұрын сот алда тұрған сот отырысы туралы жәбірленушіні не оның өкілін почта арқылы тапсырыс хатпен хабардар етеді.

Алайда, аталған соттар қылмыстық іс жүргізу заңының бұл талаптарын сақтамаған.

Атап айтқанда, Талдықорған қалалық соты 40 материал қараса, соның 8-і бойынша жәбірленушілерге хабар бермеген.

Мәселен, Талдықорған қалалық сотының 2011 жылғы 27 маусымдағы үкімімен ҚР ҚК-нің 178-бабы 2-бөлігінің «а,в» тармақтарымен 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасына соттаған О.-ға қатысты қылмыстық



іс бойынша берілген өтінішті қараған кезде, сот кәметке толмаған жәбірленуші А. мен оның өкілі Ш.-ға сот отырысының болатын уақыты мен орны туралы хабар бермеген.

Ал, жәбірленуші мен оның өкілінің О.-ға кешірім жасалғандығы іс құжаттарынан көрінбейді.

Мұндай кемшіліктер басқа да материалдарды қарау барысында орын алған.

Осы аудандық сот басым жағдайда материалдарды осы бағытта қараған деген тұжырым жасауға болады. Сонымен бірге мұндай кемшіліктер барлық аудандық соттардың тарапынан да жол берілген.

Тиісті заң талаптарына сай оң тәжірибе Көксу, Ескелді аудандық соттарында қалыптасқан.

ҚР ҚК-нің 70-бабының 2-бөлігіне сай, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 178-2-бабында көрсетілген міндеттер бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға ғана жүктеледі.

Алайда, Ақсу, Көксу, Сарқан аудандық соттарында мұндай шектеулер - шектеу жазасынан босатылғандарға да міндеттелген.

ҚР ҚК-нің Ерекше бөлімінің белгілі бір бабымен кінәлі деп танылып, ҚК-нің 45-бабының талаптары қолданыла отырып бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған адамдар мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылуы мүмкін.

Мұндай адамдардың соттылығы ҚР ҚК-нің 77-бабының талабына сай жазаны өтегеннен соң бір жыл өтуіне байланысты соттылығы жоқ деп саналады.

Алайда, Панфилов аудандық соты 2013 жылы қаралған 9 материалдың ішінде 3-еуі бойынша заң талаптарын бұзған.

2013 жылғы 4 наурызда Панфилов ауданы бойынша қылмыстық-атқару инспекциясының бөлім бастығы 2012 жылғы 29 мамырда Панфилов аудандық сотының үкімімен ҚР ҚК-нің 175-бабының 1-бөлігімен 1 жылға бас бостандығынан шектеу жазасына сотталған М.-ға тағайындалған жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босату туралы ұсыныс берген.

Бұл ұсыныс бойынша материал 2013 жылғы 14 наурызда сот отырысында қаралып, сот ұсынысты қанағаттандыра отырып, М.-ның шартты түрде соттылығы жойылсын және сотталғаннан соттылық алынып тасталсын деген қаулы шығарған.

Мұндай қателіктер басқа да аудандық (қалалық) соттарда қаралған материалдарда орын алған.

Сотталғандарды тағайындалған жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босату жөнінде берілген ұсыныстарды қанағаттандыру - соттардың міндетті емес құқығы.



Сондықтан, «Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын - шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы №10 нормативтік қаулысының 10-бөлігіне сәйкес, соттар жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыруды қолдану туралы мәселені шешу кезінде әрбір сотталған адамға жеке көзқараспен қарауға міндетті.

Соттар тарапынан сотталғандарды бас бостандығын шектеу түрінде тағайындалған жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босату туралы өтініштерді қарау барысында заң талаптарын бұзуы орын алатындығы байқалады.

Сарқан аудандық сотына 2013 жылдың 12 айында 31 ұсыныс, соның ішінде 13 ұсыныс ауыр қылмыстар бойынша келіп түскен.

Аудандық сот осы 31 ұсынысты толықтай, соның ішінде ауыр қылмыстар бойынша келіп түскен 13 ұсыныстың барлығын қанағаттандырған.

Осы 13 ұсынысты қылмыстардың санатына бөлетін болсақ, 2 ұсыныс - ҚР ҚК-нің 257-бабының 3-бөлігімен, 6 ұсыныс - ҚК-нің 178-бабы 2-бөлігінің «а, в» тармақтарымен, 3 ұсыныс - ҚК-нің 181-бабы 2-бөлігінің «а, б» тармақтарымен, 1 ұсыныс - ҚК-нің 259-бабының 1-1-бөлігімен қаралып, қанағаттандырылған.

Соңғы ұсыныс мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуға байланысты болмаса да, тоқтала кеткен жөн деп санаймын.

Сарқан аудандық сотының 2012 жылғы 21 қарашадағы үкімімен Л. ҚР ҚК-нің 259-бабының 1-1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 3 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 63-бабы қолданылып, бір жыл сынақ мерзімі тағайындалған.

2013 жылғы 13 маусымда Сарқан аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының бастығы Л.-ға тағайындалған шартты түрде жаза күшін жойып, соттылығын алып тастау жөнінде ұсыныс түсірген.

Соттың 2013 жылғы 25 маусымдағы қаулысымен ұсыныс қанағаттандырылған.

Л. халықтың денсаулығына қатысты ауыр қылмыс жасаған. Оған ҚК-нің 259-бабының 1-1-бөлігімен қарастырылған ең төменгі жаза, яғни сынақ мерзімі белгіленген.

Бұл жерде Л.-ға тағайындалған шартты түрде соттау жазасы бір жыл мерзімі өтпей жатып, күшін жойған. Алайда, оның соттылығын жоюдың қажеттілігі жоқ.

Талдықорған қалалық сотының 2011 жылғы 20 мамырдағы үкімімен О. ҚР ҚК-нің 257-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 5 жыл бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған. Сотталған О. қылмысты пышақ



қолдану арқылы жасаған, оның қоғамдық тәртіпті бұзуына тыйым салмақшы болған Н.-ның екі иығынан екі рет пышақ салып алған.

Сарқан аудандық сотының 2013 жылғы 07 қазандағы қаулысының негізінде О. тағайындалған жазаны өтеуден 2 жыл 5 ай 25 күнге мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған.

Сот ауыр санаттағы қылмыс жасаған О.-ға бас бостандығын шектеу жазасын тағайындағанда жәбірленушілердің кешірім бергендігін ескерген.

ҚР ҚІЖК-нің 455-бабының 6-1-бөлігіне сәйкес, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын -шартты босату туралы мәселені қарау кезінде жәбірленушінің не оның өкілінің пікірі ескеріледі.

Алайда, осы материалда жәбірленуші сот отырыстарына қатыспаған, оның сотталғанды мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуға келіскен-келіспегені туралы пікірі іс құжаттарынан көрінбейді.

Еңбекшіқазақ ауданының № 2 аудандық соты, қылмыстық-атқару инспекциясының бас бостандығынан шектеу жазасына сотталғандарды мерзімінен бұрын-шартты босату туралы келтірілген ұсыныстардың дұрыс берілмегендігіне назар аудармай, оларды қанағаттандырған.

2013 жылдың 5 қарашасында Еңбекшіқазақ ауданы №2 қылмыстық-атқару инспекциясы аудандық сотқа 2013 жылғы 3 наурыздағы ҚР ҚК-нің 251-бабының 4-бөлігімен 1 жылға бас бостандығын шектеу түрінде Ш.-ға сот үкімімен тағайындалған жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы ұсыныс келтірген.

Еңбекшіқазақ ауданының № 2 аудандық сотының 2013 жылғы 18 қарашадағы қаулысымен ұсыныс қанағаттандырылып, Ш. тағайындалған жазадан мерзімінен бұрын - шартты түрде босатылған.

Аталған сот ұсынысты қарау барысында ҚР ҚК-нің 70-бабының талаптарын бұзған. Атап айтқанда, сотталғандарды тағайындалған бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігінен мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың орнына, ұсыныстың жетегінде кетіп, тағайындалған жазадан мерзімімен бұрын босатқан.

Жамбыл аудандық сотының судьясы осы аудандық соттың 2013 жылғы 25 сәуірдегі үкімімен ҚР ҚК-нің 178-бабы 2-бөлігінің «а, в» тармақтарымен 3 жылға бас бостандығын шектеуге сотталған Қ.-ға тағайындалған жазадан мерзімімен бұрын- шартты түрде босату туралы ұсыныс жөнінде қаулы қабылдағанда, қаулының сипаттамалы-дәлелді бөлігіне қайшы - Жамбыл аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының ұсынысын қанағаттандырусыз қалдырған.

Судья өз қаулысының сипаттамалы-дәлелді бөлігінде ұсыныс қанағаттандырылуға жатады дей отырып, ұсынысты қанағаттандырусыз қалдырған. Бұл мән-жайдан қаулыны судьяның өзі жазды ма, жоқ па



деген мәселе туындайды. Сондықтан қаулыны жазғанда немқұрайлылық танытқанын анық байқауға болады.

Жоғарыда аталған нормативтік қаулының 15-тармағының түсіндірмесі бойынша мерзімінен бұрын- шартты түрде босату кезінде соттар қандай да болмасын сынақ мерзімін белгілемейді. Өйткені ҚР ҚК-нің 70-бабының талабы бойынша жазаның өтелмеген бөлігі сондай мерзім болып табылады. Осыған байланысты мерзімінен бұрын-шартты түрде босату туралы қаулының қарар бөлігінде сотталған адам жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылатын жазаның нақты күнтізбелік мерзімін және сотталған адамның мерзімінен шартты түрде босатылу сипатын міндетті түрде көрсету қажет.

Алайда, аудандық және оған теңестірілген соттардың басым көпшілігі заңның бұл талаптарын сақтамайды. Сонымен қатар жазаның өтелмеген бөлігін емес, тағайындалған жазадан мерзімімен бұрын-шартты түрде босатылсын деп жазады.

Мұндай кемшіліктер Ақсу, Қаратал, Талғар, Еңбекші аудандық соттарында орын алған.

Жоғарыда аталған нормативтік қаулының 4-бөлігінің түсіндірмесі бойынша ҚР ҚАК-нің 169-бабы үшінші тармағының талаптарына сай келмейтін, яғни жазаны өтеу мерзімі ішінде сотталған адамның жеке басын мінездейтін, оның тәртібін, еңбек пен оқуға көзқарасын және оның сот тағайындаған жаза мерзімін толық өтеуді қажет етпейтінін дәлелдейтін деректер болмаса, мерзімінен бұрын-шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы өтініштерді соттар өз өндірісіне қабылдамауы тиіс.

Соған қарамастан Қарасай аудандық сотында тағайындалған жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босату туралы өтініштер бір ғана өтініштің негізінде қаралған жағдайлар да кездеседі.

Атап айтқанда, Қарасай аудандық сотының 2011 жылғы 21 шілдедегі үкімімен ҚР ҚК-нің 178-бабының 2-бөлігінің «а,в» тармақтарымен 3 жыл бас бостандығын шектеу жазасына сотталған К.-ге тағайындалған жазадан мерзімімен бұрын-шартты түрде босату жөніндегі Қарасай ауданы қылмыстық-атқару инспекциясының 2013 жылғы 09 сәуірдегі өтініші бір ғана өтініштен тұратындығына қарамастан, ол сот тағайындаған жазадан 1 жыл 3 ай 2 күнге мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған.

Мұндай заң талаптарына қайшы келетін кемшіліктер басқа да аудандық (қалалық) соттардың сот тәжірбиесінде кездеседі.

ҚР ҚК-нің 45-бабының және 70-бабының талаптарына сәйкес, сот үкімімен тағайындалған бас бостандығын шектеу жазасынан босату немесе бас бостандығын шектеу жазасының күшін мерзімінен бұрын жою қарастырылмаған.



Аталған Кодекстің 45-бабының 4-бөлігіне сай бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу кезеңінде сот, сотталған адамның мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыратын органның ұсынысы бойынша сотталған адамға бұрын белгіленген міндеттердің күшін толық немесе ішінара жоя алады.

Алайда, Алакөл аудандық сотында тағайындалған бас бостандығын шектеу жазасының күшін жою, тағайындалған бас бостандығынан шектеу жазасынан босату сияқты сот тәжірибесі орын алған.

Осы сотқа 2013 жылдың 12 айында аудандық қылмыстық-атқару инспекциясынан сотталғандарға тағайындалған бас бостандығын шектеу жазасынан мерзімінен бұрын-шартты түрде босату жөнінде 6 ұсыныс келіп түскен.

Аудандық сот аталған ұсыныстарды қанағаттандыра отырып, Алакөл аудандық сотының 2011 жылғы 25 қазандағы үкімімен ҚР ҚК-нің 103-бабының 1-бөлігімен 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасына сотталған О.-ға сот қаулысымен бас бостандығын шектеу жазасының күшін жойған.

Аудандық және оларға теңестірілген соттардан келіп түскен материалдарды талдау барысында соттардың тиісті заң талаптарын дұрыс қолданбай, олардың тарапынан жіберілген қателіктер анықталып, алдын алу үшін аудандық және оған теңестірілген соттарға жолданды.

Соған қарамастан сотталғандарды жаза өтеу орындарынан тағайындалған жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы материалдарды зерделеу барысында сот тәжірибесінің бірыңғай жүйеге келтірілмегені анықталды. Мәселен, Қапшағай қалалық сотының 2003 жылғы 05 қарашадағы үкімімен ҚР ҚК-нің 175-бабының 1-бөлігі, 96-бабының 1-бөлігі, 58-бабының 3-бөлігімен 13 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған Қ.-ның өтінішін тиісті қаулымен қанағаттандырып, оны 3 жыл 3 ай 13 күнге мерзімінен бұрын-шартты түрде босатқан. Алайда, сот істің мән-жайын толық зерделемей, сотталған Қ.-ның 13 рет жаза (сөгіс) алғандығын ескермеген.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағанына қарамастан, Талдықорған қалалық сотының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі үкімімен ҚР ҚК-нің 311-бабының 4-бөлігімен 7 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған О.-ның өтініші қанағаттандырылып, ол 4 жыл 6 ай 14 күнге колония-қонысқа ауыстырылған.

Сот қаулысына прокурор жеке наразылық келтірген. Алайда наразылық кері қайтарылып алынған.

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы № 2 аудандық сотының 2009 жылғы 14 тамыздағы үкімімен ҚР ҚК-нің 179-бабы 3-бөлігінің «в» тармағымен бас бостандығынан айыруға, тағайындалған жазаны қатаң режимдегі түзеу колониясында өтеуге сотталған М.-ның өтініші



қанағаттандырылып, іс бойынша 15 жәбірленушінің пікірлері, оның жаза өтеу мерзімінде 5 рет жаза (сөгіс) алғандығын ескерместен 3 жыл 1 айға мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған.

Жалпы осы талдау жасалған мерзімде апелляциялық тәртіппен Қапшағай қалалық сотының 7 қаулысы, Іле аудандық сотының 12 қаулысы, кассациялық тәртіппен Қапшағай қалалық сотының 4 қаулысы, Іле аудандық сотының 3 қаулысының күші жойылған.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру

2013 жылдың 12 айында жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруға байланысты ұсыныстарды Қапшағай қалалық және Іле аудандық соттары қараған.

Жалпы алғанда жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы материалдар заң талаптарына сай қаралған.

Сонымен қатар сотталғандардың мінез-құлқы мен тәртібі жөніндегі мәліметтер бірдей болған жағдайда әр түрлі шешім қабылданған материалдар да кездеседі.

ҚР Қылмыстық кодексінің 71-бабы 1, 2-бөліктерінің талаптарына сай, кішігірім, орташа ауыр және ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адамға сот оның жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқын ескере отырып, жазаның өтелмей қалған бөлігін оның жеңіл түрімен ауыстыра алады. Бұл ретте, осы Кодекстің 122-бабының 2, 3-бөліктерінде, 124-бабының 2, 3-бөліктерінде көзделген қылмыстарды қоспағанда, адам жазаның қосымша түрінен өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

Жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кем дегенде үштен бір бөлігін, ауыр қылмыс үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен ерте босатылған және жазаның өтелмей қалған бөлігі кезеңінде жаңа қылмыс жасаған адам жаза мерзімінің жартысын нақты өтегеннен кейін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Қапшағай қалалық сотының 2013 жылғы 02 қазандағы қаулысымен Б. ҚР Қылмыстық кодексінің 178-бабы 2-бөлігінің «а, в» тармақтарымен, ҚК-нің 60-бабы 1-бөлігінің негізінде 4 жылға бас бостандығынан айырылған. Оның әрекетінде ҚК-нің 13-бабы 2-бөлігінің «б» тармағымен қылмыстың қауіпті қайталануы танылғанына және оның 6 рет жаза алғандығына қарамастан, сот үкімімен тағайындалған жазаның 1 жыл 1 ай 3 күнін өтеу үшін колония-қонысқа ауыстырылған.

Іле аудандық соты 2013 жылдың 12 айында 4 материал қараған, соның ішінде 1-еуі қанағаттандырылып, 3-еуі қанағаттандырусыз қалдырылған.



Атап айтқанда, 2013 жылғы 14 маусымдағы сот қаулысымен ҚК-нің 259-бабының 1-1-бөлігімен сотталған Т-ға сот үкімімен тағайындалған жазаның 7 ай 28 күніне жазаның жеңіл түріне, яғни бас бостандығын шектеу жазасына ауыстырылған.

ҚР ҚІЖК-нің 46-тарауында көзделген 396-403-баптарының, 407-бабының талаптарына сай, бірінші сатыдағы соттың үкімдеріне, қаулыларына апелляциялық (жеке) шағым берілуі немесе апелляциялық наразылық білдірілуі мүмкін.

Сонымен қатар, осы Кодекстің 403-бабының талабына сай, бірінші сатыдағы соттың қаулысымен келіспеген жағдайда процеске қатысушылармен жеке шағым, наразылық беріледі.

Осы заң талаптарына қарамастан, сотталғандар бірінші сатыдағы соттардың қаулыларымен, яғни соттардың жазаны өтеуден мерзімінен бұрын- шартты түрде босатудан бас тарту, тағайындалған жазаны неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы қаулыларына келіспеген жағдайда, апелляциялық тәртіппен шағым келтіре алады.

Судьялар жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы ұсыныстарды қарау барысында Қазақстан Республикасы ҚК-нің 70, 71-баптарының, ҚР ҚІЖК-нің, ҚР ҚАК-нің талаптарын және «Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы №10 нормативтік қаулысының талаптарын қатаң сақтап, аудандық және оған теңестірілген соттарда жазаны өтеуден мерзімнен бұрын-шартты түрде босатуға байланысты бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру қажет.

Алматы облыстық соты

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ
БЮЛЛЕТЕНІ
ресми басылым**

**БЮЛЛЕТЕНЬ
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
официальное издание**

Басуға 23.05.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84 ¹/₈. Шартты баспа табағы 12. Қаріп түрі “Arno Pro”
Офсеттік басылым. Таралымы 4123 дана. Тапсырыс № 266.

Подписано в печать 23.05.2014 г.

Формат 60x84 ¹/₈. Усл. печ. л. 12. Шрифт “Arno Pro”
Печать офсетная. Тираж 4123 экз. Заказ № 266.

“Жасыл Орда” ЖШС баспаханасында басылды.
010000, Астана қаласы, К. Байсейітова көшесі, 114/2. Тел.: 28-99-21